



СЕРФАЛИЕВ НҰРЛАН ХАБИБОЛЛАҰЛЫ
М.Өтемісов атындағы БҚУ Басқарма төрағасы -
ректордың м.а.



“Qazaqstan” ұлттық арнасынан ел президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының сұхбатын тапжылмай көріп шықтым. “Қасіретті қаңтар” оқиғасына осыған дейін бірнеше мәрте пікір білдіргенімен, бүгінгі бүкпесіз әңгіме барысында Қазақ еліндегі ақпараттық арпалыстың салдарынан ел іргесі сөтіліп, егемендігімізге сызат түсуіне себеп болған бірнеше жайттың жапсарын айтты. Айтып қана қоймай, ендігі жол көрсетер темірқазығымызды туралап, бес дұшпаннан алыс болып, талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақым сынды бес асылды бойға дарытып, қанға сіңіруді насихаттады. Отыз тістен шыққан сөз- отыз рулы елге тарайды демекші, тәуелсіз мемлекеттегі төртінші билік болып саналатын журналистер қауымының да рөліне баса назар аударып, сөз бостандығы мен цензураға тоқталды.

Сұхбатты тыңдап отырып сүйсінгенім, тарихқа деген шексіз құрмет пен ата-ана алдындағы борышты қазақи сана сезіммен жеткізгені. Расымен алғашқы биліктегі қателікті кейінгі басшылар сабақ қылса, үлкенге құрмет, кішіге ізет ұстанымымен жүрсек, ешуақытта ұлттық болмысымызға сын түспейді.

XI ғасырда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн бабамыздың “Балам бол, басқа бол - бәріңе заң біреу-ақ” деген сөзін XX ғасырдың аяғында батыр Бауыржан атамыз “Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды” деп түйіндеген еді. Сұхбат барысында мемлекет басшысы да азаматтардың заң аясындағы аяқ алыстарына баға берді.

Өз ойым, Қасым ханның “Қасқа жолынан” бастау алып, Хан Тәукенің “Жеті жарғысымен” жалғасын тапқан, бүгінгі күнгі “Ата Заңымыз” Конституциямен өмір сүрсек, келешек ұрпақ алдындағы абыройымыз асқақ болады.



ҚАБЕКЕН ЖҰПАРХАН
Тарих, экономика және құқық
факультетінің студенттік деканы



Жастар арасында елдегі ахуалға байланысты екі жақты пікір бар. Менің де болмаған, толмаған кеудемде жауабы табылмаған сан сауалдарым болған. Бүгінгі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұлттық арна көрермендеріне берген сұхбатын көріп отырып, көкейдегі түйткілді мәселелерім ширатылып, төте жауабын тапқандай болды.

ЖОО-ны тәмамдаған соң, белгілі мекемелерге жұмысқа орналасып, ел дамуы жолында қызметке араласқым келеді. Бүгінгі Президентіміздің “Жастар кадрлық резерві” мен “Болашақ “ бағдарламасы туралы айтқан сөздерін мұқият тыңдадым. Расымен, қазіргі таңда жас буынның жетіліп, қалыптасуы үшін барлық жағдай жасалуда.

Журналист Жайна Сламбек сауалында айтқан “Олигополия” терминін соңғы күндері жиі естігеніммен, мағынасына бойлай қоймап едім. Бүгін сөздің байыбына барып, өзімше түйін жасадым. Бәсекеге қабілеттілікті білім беру ұйымдарында да арттыру керек деп санаймын. Әсіресе, біз, студент жастар, қоғамның сан саласына икемді болуымыз міндетті!

Италиямен қатынас нығая түспек

2-бет



**ҚР Білім және ғылым
министрлігінің
жаңалықтары**

3-бет

**«Қазақтың
әл-Фарабиі»**

4-бет

**Ел тәуелсіздігін
бекем ету –
бүгінгі ұрпақ парызы**

5-бет

**Бейнет түбі
зейнет**

9-бет

БҚУ-да 5 медициналық пункт іске қосылды!

16 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде UNISERV MEDICAL CENTER көпбейінді клиникасының 5 бірдей медициналық пункті ашылды. Басты мақсат: оқу ордасының қабырғасында білім алушы жастарды терең біліммен қатар мемлекет тарапынан көрсетілетін тегін медициналық сапалы қызметтермен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында бекітілген тапсырмаларға орай халық денсаулығын нығайту мақсатында ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2020-2025 жылдарға арналған жоспары негізінде UNISERV MEDICAL CENTER көпбейінді клиникасы университеттің 3,4,5,7,8 ғимараттарында науқастанған жастарға жедел көмек көрсетіп, алғашқы ем-дом шараларын жүргізетін болады. Медициналық пункттер соңғы үлгідегі озық құрылғылармен жабдықталып, біліктілігі жоғары қызметкерлермен қамтылған. Емхана жұмысы аталмыш денсаулық мекемесі мен университет арасында жасалған келіссөздер негізінде бастау алған.

Арайгүл Тажғалиева, физика-математика факультетінің декан орынбасары:

–Бүгінгі күні университет тарапынан студент жастардың саулығы үшін бірқатар қолайлы жағдайлар жасалуда. UNISERV MEDICAL CENTER көпбейінді клиникасы медициналық сақтандыру арқылы жүзеге асатын бірқатар қызметтерді тегін көрсетеді. Студенттеріміз аталмыш емханаға тұрақты тіркеліп, мұқтаждық болған жағдайда алыстан арбаламай ақ,

өз ғимараттарынан көмекке жүгіне алады.

Мусағалиев Арсен, студент:

–«Тәні саудың – жаны сау», демекші, жастардың денсаулығы – ұлт денсаулығы екенін басты назарда ұстап, біздің оқуда озат болып қана



қоймай, демі мен дені сау егемен елдің ертеңі болуымыз үшін озық технологиялармен жабдықталған медициналық пункттерді ашып отырған университет басшылығы мен UNISERV MEDICAL CENTER көпбейінді клиникасына алғыс айтамын. Бірінші байлығымыз - денсаулығымызға жауапкершілікпен қараймыз!

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың тапсырмасы мен «NurOtan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жолындағы қадам сәтті бастау алды деген ойдамыз.

ИТАЛИЯМЕН ҚАТЫНАС НЫҒАЯ ТҮСПЕК

24 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Басқарма-төрағасы, ректордың м.а. Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев Қазақстандағы Италияның төтенше және өкілетті елшісі Марко Альбертимен кездесті. М.Өтемісов атындағы БҚУ-ға алғаш рет келген М.Альбертиге бас ғимараттағы музей таныстырылып, қазақ халқының ұлттық төл өнері, университет тарихына шолу жасалды.

Ресми кездесу барысында БҚУ мен итальяндық жоғарғы оқу орындары арасындағы қарым-қатынастар алытылып, білім мен өнер саласындағы ынтымақтастық туралы ойларымен бөлісті.

Музыкалық білім және вокал кафедрасының аға оқытушысы Потиченко Элина Геннадьевна «Италиядағы БҚУ студенттері мен жалпы итальян тілінің музыкалық білімдегі маңыздылығы» туралы әңгіме өрбітті. Жиын барысында пандемия алдында академиялық ұтқырлық аясында Италия мемлекетінде білім алған студенттер де өз тәжірибелерімен бөлісіп, жалпы тіл сындыруға қатысты пікірлерін айтты. 2-курс студенттері итальян тілінде



сұхбат құрып, музыкалық сәлемдеме де орындады.

Алдағы уақытта екеуара келісімдер жүргізіліп, игі шаралар жасалатыны мәлім болды.



Түлектерді жұмыспен қамтудың тиімді жолдарын айқындау және пікір алмасу мақсатында 15 ақпанда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Мәдениет және өнер факультеті Музыкалық білім және вокал кафедрасының ұйымдастыруымен «Болашақ маман даярлауда білім беру бағдарламаларының мазмұны мен перспективалары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

ЖҰМЫСКЕРДІҢ БІЛЕГІ, ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Негізгі мақсат: болашақ маман даярлауда білім беру бағдарламаларының мазмұндарын таныстырып, жаңашыл бағытта жандандыру. Және де жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын, элективті пәндер каталогын, оқу-жұмыс жоспарларын, оқу үрдісінің кестесін әзірлеуге тарту.

Кездесуге Кажимова Карылғаш Рахимовна - PhD доктор, Мәдениет және өнер факультетінің деканы; Бабенко Ольга Александровна – п.ғ.к., доцент, Музыкалық білім және вокал кафедрасының меңгерушісі, Султангужиева Айгуль Жаксыбаевна – мансап орталығының жетекшісі және Құрманғазы атындағы саз колледжінің, Жастар шығармашылық орталығының, Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның директорлары, БҚО Мәдениет басқармасы бөлім басшысы, сонымен қатар, мектеп пен колледж директорлары қатысты.

Дөңгелек үстел барысында жоғары білімді бәсекеге қабілетті мамандарды дайындау мәселесі, олардың одан әрі жұмысқа орналасуы, білім сапасын көтеру және түлектердің кәсіби қасиеттерін дамыту, сондай-ақ университет пен жұмыс берушілер арасындағы серіктестікті одан әрі нығайту мәселелері кеңінен қарастырылды. Сонымен қатар, Білім беру бағдарламаларының мазмұнымен таныстыру; Элективті пәндер каталогымен таныстыру; Білім беру бағдарламаларының жаңашыл бағытта жандандыру мәселелерін талқылау; Пікірлер мен ұсыныстар қарастырылды.

Жұмыс берушілер мен қатысқандар баяндамаларды үлкен қызығушылықпен тыңдап, білім беру бағдарламалары туралы өз ұсыныстарын, ұсынымдары мен оң пікірлерін білдірді. Талқылау нәтижесінде оқытушылар мен студенттер қонақтарға жаңа білім беру бағдарламаларын жаңарту және әзірлеу кезінде ескерілетін қызықты ұсыныстар үшін алғыс білдірді.

Гульмира УТЕГЕНОВА,
аға оқытушы, магистр

Редактор бағаны

Нұр-Сұлтанда баспасөз хатшылары бас қосты

Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік органдар мен қарапайым бұқараның арасындағы алтын көпір іспетті. Сондықтан да екі жақты жұмыстың одан әрі нәтижелі болуы үшін атқарылар жұмыстың ауқымы да кең. Осыған орай Білім және ғылым министрлігінің Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің ұйымдастыруымен Жоғарғы оқу орындарының баспасөз хатшыларының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара тиімді іс-қимыл жасау мәселелеріне арналған оқыту семинары өтті.



Семинар барысында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылдың ақпараттық белсенділігін арттыру мәселесі талқыланды. Оқыту семинарының басты жаңалығы – университеттердің баспасөз хатшылары шараның спикерлері ретінде өз тәжірибелерімен бөлісіп, жұмыс барысында кездесетін түрлі мәселелерді ортаға салды. Бұқаралық ақпарат құралдарымен әріптестік қарым-қатынасты қалыптастыруды үйрету, - деді БЖҒМ баспасөз хатшысы Мөлдір Абдуалиева.

Білім берудегі университет ұжымы мен ректордың жұмысын халыққа ұсынып, ғылыми жетістіктерді ел көлемінде таратып, өзекті мәселелерді шұғыл шығару, ақпаратты дұрыс әрі нақты етіп бере білу бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылда жұмыс істейтін кез-келген қызметкердің басты міндетіне айналуы шарт. Оқыту семинарларының баспасөз хатшылары қызметін белсендетуге зор ықпал етері сөзсіз. Тұтастай алғанда семинардың нәтижелі жақтары көп. Кездесу барысында баспасөз қызметінің жұмысындағы басты қағидаттар, түрлі акциялар мен іс-шараларды өткізу кезінде қарапайым ережелерді қатаң сақтау қажеттігі жайында қызу талқыланды.

12 сағатқа созылған тренинг соңы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовпен кездесумен тәмамдалды. Кездесу барысында министр баспасөз хатшыларының қызметіне жоғары баға беріп, актуалды мәселелер бойынша пікір білдірді.

Осы орайда, менің кәсіби жетілуіме және біліктілігімді арттыруыма мүмкіндік берген университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлына және барша әріптестеріме зор алғысымды білдіремін!

Айзада ДЮСЕНОВА,
«Өркен» газетінің Бас редакторы

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жаңалықтары Новости МОН РК

ҚАЗАҚСТАН 2022 ЖЫЛЫ БОЛОН ПРОЦЕСІ БАҚЫЛАУ ТОБЫНЫҢ ТЕҢ ТӨРАҒАСЫ БОЛАДЫ

Қазақстан бұл ұсынысты қабылдап, Чехиямен бірге Болон процесі бақылау тобының (Bologna follow-Up Group - BFUG) тең төрағасы болып бекітілді. Еліміз 2022 жылғы 1 шілде мен 31 желтоқсан аралығында тең төрағалық етеді. Сондай-ақ Қазақстан келесі жылдың басынан бастап BFUG басқарушы кеңесінің құрамына (BFUG Board) кіреді. «Қазақстанның BFUG-ға тең төрағалық етуі бұл жоғары жауапкершілік әрі еліміздің халықаралық деңгейде мойындалуын білдіреді. Болон процесінің құрамына 48 мемлекет кіреді, олардың ішінде Швейцария, Франция, Ұлыбритания, Испания, Италия және т.б. елдер бар. Ал Қазақстан бірыңғай білім беру процесінің мүдделерін білдіру туралы ұсынысы еуропалық білім беру жүйесінде қазақстандық жоғары білім жүйесінің беделінің артқанын көрсетеді», - деді ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу ор-

нынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев.

Қазақстан Болон процесі бақылау тобының тең төрағасы ретінде шетелдік әріптестермен күш-жігерді біріктіру мақсатында жоғары білім саласындағы өзекті мәселелерді халықаралық деңгейде талқылауға бастамашылық етуді көздеп отыр. Оның ішінде бейресми, педагогикалық білім беруді дамыту, білім сапасын бағалауды қамтамасыз ету, сонымен бірге Орталық Азия кеңістігінде Болон процесінің озық тәжірибесін тираждау мәселелері бар.

Айта кетейік, Қазақстан 10 жылдан астам уақыт бойы Болон процесінің толыққанды мүшесі болып келеді. Оның параметрлері жоғары білім беру жүйесіне белсенді түрде енгізілді. Сондай-ақ Қазақстан барлық көрсеткіш бойынша өз міндеттемелерін орындады.

ТРИ КАЗАХСТАНСКИХ ВУЗА-АУТСАЙДЕРА ЗАКРЫТЫ ПО РЕШЕНИЮ СУДА

Три казахстанских вуза-аутсайдера закрыты по решению суда. Речь идет о Центрально-Азиатском университете, Актауском гуманитарно-техническом университете и Университете «Астана». Последние годы эти вузы занимали стабильно низкие позиции в рейтинге образовательных программ, проводимом НПП «Атамекен» по заказу МОН. Большинство образовательных программ этих вузов не соответствовали требованиям работодателей и не пользовались спросом среди обучающихся.

«К примеру, Центрально-Азиатский университет в 2019 году участвовал в рейтинге по 36 образовательным программам, в 2020 году – по 37, в 2021 году – по 11. То есть по большинству программ не ранжировался из-за малого количества выпускников. Закрытые вузы не работали над улучшением качества, почти не инвестировали в образовательные программы, не привлекали специалистов-практиков. Анализ показывает, что вузы с низкими показателями рейтинга образовательных

программ коррелируют с вузами, попадающими в зону риска. В результате вузы-аутсайдеры лишены лицензии и прекратили образовательную деятельность», – отметила председатель Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК Гулзат Кобенова.

Аналогичная ситуация и в университете «Астана», и в Актауском гуманитарно-техническом университете. 70-75% образовательных программ этих вузов не соответствуют требованиям качества и запросам работодателей. «В то же время, сейчас идут судебные процессы по результатам проверок и с другими вузами. Так, подготовка кадров по педагогическим и техническим направлениям не в полной мере отвечает требованиям работодателей у Университета дружбы народов имени академика А.Куатбекова. Важно улучшить качество подготовки кадров», – добавила Гулзат Кобенова. Подробнее с результатами Рейтинга вузов можно ознакомиться на официальных сайтах МОН РК и НПП РК «Атамекен».

АЙБАТ ИЛЬЯСОВ НАЗНАЧЕН ВИЦЕ-МИНИСТРОМ ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ



По принципу меритократии вице-министром образования и науки назначен Айбат Ильясов. Он будет курировать сферу цифровизации. Родился 11 октября в 1982 году. Имеет высшее образование по специальности «Вычислительная техника и программное обеспечение».

С 2006 по 2007 годы работал старшим инженером-электроником, главным специалистом в АО «Национальные информационные технологии».

С 2008 по 2009 годы являлся главным специалистом РГП «Центр технического сопровождения и анализа в области телекоммуникаций».

С 2009 по 2012 годы – главный консультант, заведующий сектором в департаменте по обеспечению деятельности судов при Верховном Суде, главный эксперт, и.о. начальника управления информатизации и защиты информационных ресурсов в Министерстве юстиции.

С марта 2013 года до февраля 2022 года работал руководителем управления информатизации и защиты информационных ресурсов, директором департамента цифровизации и автоматизации государственных услуг Министерства юстиции.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМ КҮРДЕЛІ СЫНЫҚТАРДЫ ЕМДЕЙТІН БІРЕГЕЙ ГИДРОГЕЛЬ ОЙЛАП ТАПТЫ

Ұлттық биотехнология орталығының ғалымы Вячеслав Огай бағаналы жасушаларды қолдану арқылы күрделі сынықтарды қалпына келтірудің бірегей технологиясын жасап шығарды. Ол сынықтар мен зақымдалған тізе буындарын емдеуді жеделдететін гидрогель ойлап тапты. Арнайы технологияның арқасында операциядан кейін 3-6 ай ішінде сүйек және шеміршек тіндері қалпына келеді. Клиникаға дейінгі сынақтардың нәтижелері препараттың тиімділігі жоғары екенін растады.

«Сүйек ақауларын толықтай қалпына келтіру травматология мен ортопедиядағы күрделі және шешілмеген мәселелердің бірі болып қала береді. Емдеу үшін сүйек алмастырғыштарын қолдана отырып, остеопластиканың әртүрлі әдістері жиі қолданылады. Бірақ бұл операцияның нәтижесінде сүйек әрдайым толық қалпына келмейді. Біз сүйек ақауларының толық қалпына келуіне ықпал ететін технологияны жасадық.

Бағаналы жасушалар мен табиғи биополимерлер зақымдалған сүйек немесе шеміршек тіндерін қалпына келтіру процесін жеделдетеді», - деді әзірлеме авторы, Ұлттық биотехнология орталығының бағаналы жасушалар зертханасының меңгерушісі, профессор Вячеслав Огай.

Бұл технология қазіргі уақытта Н.Батпенев атындағы Ұлттық травматология және ортопедия ҒЗИ базасында клиникалық сынақтан өтіп жатыр. Ғылыми бағдарламаны ғылымды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында Білім және ғылым министрлігі қаржыландырады.



Темірдің тілін тапқандар

БҚУ-да «Робототехника негіздеріне» шеберлік сағаты өтті.

10 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде инновациялық технологиялар департаментінің ұйымдастыруымен «Робототехника негіздері» атты шеберлік сағаты өтеді. Аталмыш шараға мектеп оқушылары мен студенттер, техник ғалымдар қатысады.

Шараның мақсаты, мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың заманауи білімді дамытуға және мектеп оқушыларының ғылыми әлеуетін көтеру мақсатындағы тапсырмаларын жүзеге асыру және университет пен мектептер арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, келісімге келу.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ел ұстаздарының отырысында:

«Бүгінде IT мен биотехнология саласындағы революциялар адамзаттың өмірін өзгертуде. Сондықтан білім беру жүйесі жаңа өмірге тез бейімделуі қажет. Әлемдегі жетекші мектептер балалардың креативті әлеуетін дамытумен айналысады, сандық технологиялар мен нақты ғылымдарға үйретеді, – дей келе, Қазақстанның дамыған ел қатарына қосылуының кілті сапалы, қолжетімді және заманауи білімде екенін айтты. Бұл үшін осы саланың дамуына жаңа, қуатты серпін беру маңызды», - деген болатын. Университет ғалымдарының басты міндеті - жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу. «Робот техникалармен жұмыс істеу балалардың ойлау қабілетін дамытып, өзге пәндерді де жақсы меңгеруіне септігін тигізеді», — дейді ұстаздар. Оқушылар бастапқыда шағын машиналар құрастыра келе, кейін аса күрделі бағдарламаларға көшетін болады.



Есенғали Жүнісұлы жалпы физика және теориялық физиканың салаларын терең меңгерген аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болған. Тек физикамен ғана емес, математика, философия басқа да ғылым саларымен айналысқан. Қазақ, орысты айтпағанда, қытай, ағылшын, неміс, поляк тілдерін өте жақсы біліп, емінеркін сөйлеген. Бос уақытын ешқашан да текке кетірмей, кітап оқумен өткізген. Киоскден күнбе-күн шығатын әртүрлі тілдегі газет-журналдарды сатып алып мұқият оқитын. Барлық сұраққа ғылыми түрде жауап тауып, кез келген тақырыпта еркін сөйлесе алатын өте дарынды, сауатты оқытушы болған. Сондықтан да барлық факультет студенттері әртүрлі сұрақтарымен ұстаздың төңірегінен табылған екен. Былайша айтқанда, ғаламтор жоқ заманның нағыз энциклопедиясы іспеттес еді. Сонысымен Есенғали Жүнісұлын қазақтың әл-Фарабиі дер едім. Ұлағатты ұстаздан дәріс алған шәкірттері бұл күндері еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етсе, солардың ішінен физика-математика ғылым кандидаттары

«Қазақтың әл-Фарабиі»


Есенғали Жүнісұлы 1929 жылы 15 қаңтарда Атырау облысында дүниеге келген. Әкесі соғыстан оралмай, шешеден ерте жетім қалған. Мектепті «Алтын медальмен» бітірген соң, 1946 жылы Қазақ С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) физика факультетіне оқуға түсіп, оны 1951 жылы үздік бітірген. Сол жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына жұмысқа орналасып, ұстаздық қызметі өмірінің 1995 жылдың 7-наурызының соңғы сағатына дейін жалғасқан.

атағын алғандар: Кузьмичева А.Е., СырымЖ.С., Кусаинов Р.К., Тлеугалиев С.Х., Мырзина Н.В.

Есенғали Жүнісұлы ғылыми жұмыспен де терең айналысқан. Мәскеудің ММУ-нің аспирантурасына түседі. Кандидаттық диссертациясының тақырыбы: «Проблема про материи в философии» болған. Диссертациясын ойдағыдай орындап, сыртқы және ішкі ғылыми ұжымдардан өте жақсы деген сын-пікірлер алған. Сол кездегі оның білімін профессор-академиктер де мойындаған екен. Ендігі қалған мәселе диссертацияны қорғау еді. Бірақ партия мүшесі болмағандықтан,

осы бір тұста қоғамның әділетсіздігіне тап болып, Есенғали Жүнісұлының еңбегі бағаланбады. Диссертациясы дайын бола тұра, оны қорғауға жібермеді.

Халық: «Білмегенін сұрағанның айыбы жоқ, сұрамасаң білмейсің», - дейді. 1988 жылдан бастап жеті жыл бір кафедрада жұмыс жасаған уақытта Есенғали ағамыздан білмеген сұрақтарыма жауап табатынмын. Сұрағанда әрдайым көмектескен, керек кезде ақылшымыз да болған сондай ұлы ұстазбен қызметтес болғаным үшін тағдырыма ризамын. Кейде Есенғали Жүнісұлының келбет-қияпатын, өмір жолдарының кейбір



тұстарын ғылымның қара өгізі атанған Исаак Ньютонға да ұқсататынмын.

Г.М.КАДЫРОВА,
Физика кафедрасының аға оқытушысы

Ұстазым ұлағатым

Құспан Ғұмарұлы Аронов 1960 жылы 2-желтоқсанда, Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қарабау ауылында туған. Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының кандидаты. Әл-Фараби атындағы ҚазмҰУ-дың филология факультетін бітірген. 1989-1992 ж. ҚР ҰҒА Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аспиранты. 1986—1995 ж. Атырау педагогикалық институты қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы. 1995 жылдан бері Орал қаласындағы Махамбет Өтемісов атындағы БатысҚазақстан университетінде аға оқытушы.

Аронов Құспан Ғұмарұлы секілді ұстаздар кемдей-ақ. Ұстазымыздың есімі Батыс Қазақстан өңіріне кеңінен мәлім. Себебі ұстазымыздың шәкірттері тек Ақжайықта емес, бүкіл қазақ елінде еңбек етуде. Оған қоса кәсіби бағдар жұмысымен көп шығып, Бөкей Орда, Жәнібек, Қазталов секілді елді-мекендердің мектептерін аралауды мақсат еткен.

Құспан Ғұмарұлы киелі шаңырағымызға 90 жылдары Отарәлі Бүркіттің

Мектеп өмірімен қоштасып, қиындығы мен қызығы мол үлкен өмірге аяқ бастық. Жас жүрегіміз алабұртып жоғарғы оқу ордасының босағасын аттадық. Іштегі ітолқынысы сөзбен айту мүмкін емес. Жаңа орта, жаңа орда. Жиын аяқталып, білім ордасындағы үлкен аудиторияға жиналды. Бізді топқа бөліп, өз тобымызбен кураторымыздың соңынан ердік. Жеке-жеке таныстық. Куратор алғашында қатал көрінген. Бірнеше талаптарды да қойып тастады. Бірақ, мінезі жұмсақ. Ұстазым Құспан Ғұмарұлының білікті маман екенін біліп оны интернет желісінен іздедім. Ол жайлы профессорлардың, әріптестерінің айтқан сөздерін оқыдым. Шынымен тәжірибелі ұстаз екен.

шақыртуымен келген болатын. Бірден өз жұмысын белсене атқарып кетті. Бұл ұстазымыздың тәжірибесінің молдығын білдіреді.

Профессор Мұрат Сабыр «Құсекең ісіне деген адалдығымен, оқу үдерісін жақсы білетіндігімен көзге түсті. Оқу үдерісіне белсене кіріскен Құсекең көптеген тапсырылған жұмысты абыроймен атқарып, көпшілік құрметіне бөленді. Студенттердің терең білім алуына күш-жігерін салды», - деп ерекше тұстарын айта кетті.

Ұстазымыздың бойында ең асыл қасиет қарапайымдылық пен жұмысына, еліне

деген адалдығы бар. Мұндай қасиет көп адамның бойында бола бермейді.

Профессор Серікқали Шарабасов «Құсекең қарапайымдылықтан арылмай өтетіне шүбәм жоқ. Біздің Құсекеңе біреулерге жағыну, марапат сұрау, кеудеге медаль тағу, тақпаса ренжу сынды қылықтар жат» деген екен.

Құспан Ғұмарұлы ең алғашқылардың бірі болып «Қазақ этнолингвистикасы» деп аталатын жас ғылымды дамытты. Академик Әбдуәлі Туғанбайұлы Қайдардың жетекшілігімен «Қазақ тіліндегі халықтық космономдердің этнолингвистикалық табиғаты» деген тақырыпта кандидаттық



диссертациясын сәтті қорғады.

Көзді ашып-жұмғанша 4ші жылымыз да өтуде. Білікті мамандардан білім алып шықтық. Ал, ұстазымыздың орны ерекше. Осындай жанның шәкірті болғанымды мақтан тұтамын. Оның әрбір сөзін жадымда сақтап, өмірде қолданамын.

Жансая СУЛТАМУРАТОВА

Кітап сөресі

Өлгендер қайтып келмейді

Тірі болсаң, жұрт сенің қай жеріңді мақтамас, өлгеннен кейін бар атағың мен даңқынды шығарып сен туралы естеліктермен сыр шертеді. Өмір сүріп тұрған сәтінде тірілер туралы жазсаң, мүлдем бөлек дүние болар еді. Ол жанмен бірге шай ішіп отырып, сен туралы жазғаным ұнады ма? деп сұрай аласың, қасында жүріп мақтауын асырасың. Ал өлгендермен ше? Олармен қайта сұхбат құра алмайсың, тек жақсы адам болғанын елге ақтарыла айтасың.

Өмір - біздің әр қадамдарымызды сыңға алып отыратын, шығар шыңымызға бірде құлатып, бірде сүріндірмей жеткізетін ұлы жол. Әр адамның саған айтар бүкпесіз ойы мен жасырулы мұңы бар. Адамдар... Сенен қауіпті сенен қауіпсіз ешкім жоқ. Әр әлемнің әлділері мен әлсіздері маған келіп сөз айтса, берер жауабым да дайын емес. Бірақ қаншама жағдай орын алса да, сендерсіз мына әлем қызықсыз.

«Өлгеннің артынан өлмек жоқ» - дейді қазақ. Тіршілікті жалғастыру әр адамның асыл парызы. Бұл ойға сол бір кітапты оқығаннан кейін келдім. Бәрімізге «Менің атым Қожа» повесімен таныс талантты жазушы Бердібек Соқпақбаевтің «Өлгендер қайтып келмейді» романы менің де көңілімнен орын таба білді. Ең алдымен мені шығарманың тақырыбы қызықтырды.

Тақырыпқа қарап отыр терең дем алып, үнсіз ойға батасың. Асылы, ғұмыры қысқа бірақ жүріп өткен жолы ұзақ бір жан туралы айтылатын ақиқат дерсің. Алайда, шығарма желісі мүлдем бөлек сарында. Бұл туралы жазушының өзі: «Өлетін тек адам ба? Іске аспаған арман, қол жетпеген мақсат, бір нәрседен түңіліп, талақ ету, үзілген үміт... Осының бәрі өлген емей немене?» деген екен.

Жалпы роман үш бөлімнен тұрады. Автор әрқайсысын бірінші, екінші, үшінші дәптер деп саралаған. Шығарманың негізгі кейіпкері Еркін Мамырбаев. Алғашқы бөлім 15-16 жас шамасындағы жасөспірім Еркіннің өмірін бастау алады.

— Еркін, сүйінші! Оқудан ағаң келді, әйел алып келіпті.

Мен бұл қуанышты хабарды Жабырда шөп орағында жүріп естідім. Ат тырмамен шөп жинаймын. Қашан жазғы демалысымыз біткенше, біз, оқушы балалар, колхозда жұмыс істемейміз.

Қарапайым ауыл өмірі. Ағасының қуанышына ортақтасқысы келген Ермек пен қуанышты ауыл тұрғандары. Әрі қарай соғыс оты тұтанып, бір үйдің қорғаны болып отырған Сәрсебек отбасын тастап майданға аттанады. Енді жаңаның бар жауапкершілігі Ермекке жүктеледі. Оның басынан қаншама жағдайлар өтеді. Кезінде

бәрі қызмет қылған колхоз жұмысы мен жарты жүректі іздеген махаббат хикаясы, отбасылық өмір, кедейлік тауқыметі. Тіпті, оның әдебиетке қалам тербеп, жаузышылар ортасына түсіп, ішіп кеткені де бар.

«Мен сенің газетте қызмет істейтініңді білетін ем. Әңгіме, мақалаларыңды оқып тұрам. Мына бала менің інім, білетін шығарсың. ҚазПи-дің тіл-әдебиет факультетіне оқуға түскен. Өлең жазумен әуестенеді екен. Саған алып барып, көрсетейін десе, ұялатын тәрізді. Бірдеңеге жарайтындары болса, ақылыңды айтып көмектесерсің» деген үзінділері бар.

Бұл шығармада біз іздеген өмірдің бәрі бар. Тек олар әртүрлі кейіпкерлер тағдыры арқылы емес, бірі ғана кейіпкер арқылы көрсетіліп отыр.

«Мен жігерлі, күшті болып өсуді жасымнан арман етуші едім» - деген Ермекті жазушы бізге тек 30 жасқа дейінгі өмірімен сипаттап береді. Отызда орда бұзып, кейбір армандары орындалып, енді бір орындалмасада оқырманға мәңгі өлмес армандар мен мұраттар кемесін ашық айдыңға шығарып, көрсете білді.

Жазушының бұл романы 1970 жылы жарық көреді. Талай дарындылар бұл шығарманы тегіс мойындады. Қызығы мол романды оқып отырып, бір уақыт өз өміріңе көз жүгіртесің.



«Егер адамдар бірін - бірі осылай құшырлана аймалап, бауырына басса, байлықсыз - ақ, атақ - даңқсыз - ақ бақытты болар еді... қайтерсің, біреу сенің қарайып, жер басып жүргеніңе қуанады. Біреу сенің осы дүниеге келгеніңді де көре алмайды» - деп шығармада айтылғандай, әркім өз өмірімен әуре. Қуанышы мен қайғысы қатар жүретін дүниеде кішкене ғана баққа ие болу-үлкен бақыт. Бұл шындық та...

Гүлнұр ТӨРЕМҰРАТОВА,
Фил-43



Абат ҚЫДЫРШАЕВ,

Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Ел тәуелсіздігін бекем ету – бүгінгі ұрпақ парызы

алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе... Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек... Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Еш күмән болмасын!..»,- деуі таза шындық.

Қалай болғанда да біз қаралы да қасіретті күндерді бастан өткергеніміз анық. Оны мойындау қажет. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде сандаған сынаққа тап болғанымыз, оның бәрін ел болып еңсергеніміз мәлім. Бірақ дәл осындай қарақшылардың шектен шыққан қатыгез әрекетін көрмеппіз. Еліне, жеріне адал, нағыз отаншыл азаматтар мұндай оспадар опасыздыққа, арсыз азғындыққа бармасы сөзсіз. Бұл тұста да Ел Президентінің: «Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату... Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан, бағытымызды өзгертпейміз...»,- деуі құптарлық іс.

Бізге мәлімі бүгінде өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Әрине, қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ертелеу. Қазір тергеу ісінің құпия түрде жүргізіліп

жатқанына, көп ұзамай жұртшылықты мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап берілеріне, бәрі де айтыларына, бұның халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болғанына көзіміз анық жетеді. Тек «шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол берілмеуі тиіс. Іске кірісіп кеткен қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге де ешқандай себеп жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да, тіпті, Президенттің өзі де олардың жұмыстарына араласпауы – өркениеттік қадам. Әрине, барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. Бізге кергі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу. Бүгінде кейбір беделді сарапшылардың айтуынша, лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Бүгінде сол елде лаңкестердің Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенгені мәлім.

Ел Президенті: «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды», - дейді. Бұл да ел патриоттарының кеудесін күпті қылып жүрген ойланатын мәселе еді.

Анығы, бүгінде халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Масқара жағдай емес пе. Осыдан кейін теңсіздік белең алмай қайтеді. Наразылықтың түп-тамыры осында. Ендігі кезекте бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет. Бұл – жаңа Қазақстан тұжырымдамасының тұғыры.

Мемлекет басшысы: «Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. «Тәртіпсіз ел болмайды». Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген

өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек», - дейді. Осындай жағдайда ғана Қазақстанның болашағы жарқын болмақ. Бұған күдік келтіруден аулақпыз. Себебі біздің бір ғана Отанымыз бар. Ел Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома. Демек, ел тәуелсіздігін көздің қарашығындай сақтау – бүгінгі және кейінгі ұрпақ парызы.

Салмағы мол салихалы сұхбат барысында Ел Президентінің: «Тілімізге келсек, оны сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселе латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Әсіресе, тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі, бұл – өте нәзік дүние», - деп түйіндеуі де қол соға қолдарлық тұжырым.

Иә, бүгінгі қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз қажет. Бұл - қазір ең өзекті мәселе. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуды ең басты орынға қоюы қажет. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса дейміз. Ал жақсы мен жаман құндылықтар туралы дана Абайдан асырып ешкім де айтқан емес. Ойшыл тұлғамыздың «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой» деген даналығының мәні аса зор. Бұл қағида бүгінгі заманға ауадай қажет. Бұл салада жоғары оқу орындарындағы және орта мектептердегі күллі тәрбиелік-танымдық іс-шаралар кешені осы үрдісте өрілуі заңдылық болар еді. Ал, бұрынғы олқылықтар – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымызға тиіспіз. Мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау. Айналып келгенде, бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Қазақстан – біздің қасиетті Отанымыз. Демек, Отанды қорғау, халқының амандығын сақтау – әрбір ұлт азаматының борышы.



90 MAKHAMBET UNIVERSITY


Когда И.Алтынсарин неимоверным трудом сумел впервые построить школу, его противники исподтишка сожгли здание ночью. Первый казахский педагог сумел собраться духом, чтоб вновь построить школу. Его воли хватило на то, чтобы дети казахов получили передовое на то время образование. Несмотря на грязные «препоны» врагов из среды своих соотечественников, официальных представителей царской власти, первому казахскому Учителю удалось создать светскую систему образования, доказать, что и один в поле воин.

Таких Алтынсариным мне представляется и наш Президент К.К.Токаев, который, несмотря на фейки с кривотолками, обвинения, пытается направить жизнь в стране в мирное русло, все болевые вопросы сегодняшнего дня решить в правовом поле.

Хочется надеяться, что обществу хватит силы воли идти с Президентом в ногу, чтобы страна смогла оправиться.

УМАРОВА ГУЛЬНАРА СИДЕГАЛИЕВНА
кандидат филологических наук, доцент

МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІ



90 MAKHAMBET UNIVERSITY

Отанымыздың отыз жылдық тарихында ізін қалдырған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кемшіліктерінен сабақ ала отырып, жаңа басшылар "Жаңа Қазақстанды" құруы керек деген тұжырымды ой айтылған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жаңа сұхбатын тыңдай отырып, елдің ертеңін ойлайтын әр адамды толғандырған сұрақтарыма жауап алдым. "Қаңтар қырғынындағыдай" өзгерістерді өздерінің мүдделерімен ғана өлшейтіндердің кесірінен ақпараттық ауытқулардың болмауы үшін ой еркіндігін ойымызға не келсе, соны айту деп тар топшыламау керектігі деп айтылды деп есептеймін. Ал Президентіміздің "Әрқайсымыз тәуелсіздікті қалай сақтап қаламыз деп ойлануымыз керек" деген сөзі елтаңба десе елжіреп, тоқтамай соғар сом жүректерге көк туымызды көгімізде мәңгі желбіретудің жолын нұсқады деп білемін!

АЖМУРАТОВА ЗЕРГҮЛ
Филология факультетінің студенті

Проблемы реализации международной программы оценки способностей учащихся (PISA)

В рамках методической недели физико-математического факультета по теме «Современные подходы в обучении математике, физике и информатике в вузе и школе» на кафедре информатики был проведен научно-методический семинар на тему «Проблемы реализации международной программы оценки способностей учащихся (PISA)».

В семинаре приняли участие учителя математики и педагоги-мастера областной специализированной школы-интерната №11 им.С. Сейфуллина для одаренных детей: Мусағалиева Гульмирам Қуанышовна и Тулешева Айнура Сарсеновна; заместитель директора по профориентационной работе школы-гимназии №34 им.Асана Тайманова, учитель информатики Кадыржанова Римма Тлемисовна и заместитель директора по методической работе школы-лицея 27 им.М.Маметовой, учитель информатики, педагог-исследователь Ибраева Алия Курманғалиевна. Все они выступили в качестве спикеров и поделились своим опытом.

В семинаре приняли участие и.о. руководителя отдела методической работы и образовательных технологий Абишева Ш.Б., методист отдела Тулегенова А.Ж., декан физико-математического факультета, к.с.н., доцент Абулкасова Д.Б., преподаватели кафедры физики, информатики, а также студенты 3 курса специальности «Информатика на английском языке», «Математика-информатика» и магистранты.

Целью семинара было обсуждение проблем реализации международной программы оценки способностей учащихся (PISA) в школах г. Уральска и обмен опытом. Семинар проводился в онлайн и оффлайн режиме.

В Западно-Казахстанской области, систематически организуют и проводят подготовку к международным исследованиям.

Затем Тулешева А.С. показала участникам семинара пути решения многих задач, данных в предыдущих исследованиях PISA, и поделилась своим опытом.

В ходе семинара Ибраева А. К. выступила по теме «Пути развития естественно-научной грамотности школьников в рамках международного исследования PISA». Она ознакомила участников семинара с видами заданий, предназначенных для применения полученных в ходе обучения знаний и навыков в реальных жизненных ситуациях, тем самым показала пути развития естественно-научной грамотности и продемонстрировала работу с тренажерами на сайте: wordwall.net, learningapps.org.

Результатом проведения данного семинара было укрепление связи между вузом и школой, а участники семинара получили необходимый опыт от тренинга по актуальной теме.

Г.Г. МУХАМБЕТОВА,

*руководитель научно-методического семинара
кафедры информатики*

Қазіргі таңда ғаламды нақты мақсаты бар адам басқарады. Желдей жүйіткіген заманда бір сәтке де тоқтауға болмайды. Әр адам өзінше дамып, арманына қол жеткізудің оңтайлы жолын табу жолында аянбай жұмыс жасайтыны хақ. Заман ағыма сай қазіргі таңда том-том кітаптарды ақтарып, таң атқаннан кеш батқанға дейін кітапханада «жата-жастана» оқудың қажеті шамалы. Немесе, төрт жыл көз майыңды тауысып, білім алып, одан қалды бірнеше жыл жұмыс іздеудің де дәуірі өткен секілді. Олай деуімізге басты себеп – қазіргі қоғамдағы қосымша кәсіптердің пайда болуы. Бүгінгі таңда жастар бос уақытын қалай өткізерін білмей, көбіне ғаламтор беттерін жағалайды. Одан қалса, істерге іс таппай күйзелу, жалығу сезімдерін бастан өткереді. Бірақ «үйренемін», «оқимын» деген адамға тоқсауыл жоқ. Адамзат өзі дағдыланған кеңістіктен шығуға қиналады. Содан да болса керек карантинде үйде отырып, онлайн мүмкіндіктерді бірден қолдана қоймады. Онлайн курс — бос уақыт вакуумын тиімділікке толтырады.

Гүлбану Айбекқызы, студент: «Кішкентай кезімде әжем жіппен тоқуды үйреткен болатын. Кейін өзім ютубтан, ғаламтордан тоқудың әртүрлі техникасын үйрендім. Мектепте жүргенде тапсырысқа шарф пен бас киімдер тоқыдым, 10-11 сыныпта жүрген кезде киім тігуге қызығып, соны үйренгім келіп, «өзімнің ательесы бар бутигімді ашқым келеді» деп армандап қойғанмын. Солай мектеп бітіріп, универде 2-курс бітірген соң алдыма мақсат қойып, киім тігу курсына қатыстым. Нәтижесі бірінші тіккеннен жақсы болды. Содан айналамдағы жандардың қолдауынан кейін, одан әрі дамытып, өзіме тәжірбие жинап келе жатырмын. Ендігі мақсатым сол бутик ашу. Негізі киім тігу арқылы табысты жақсы табуға болады, өйткені қазір көп индивидуальный тігілген киімдерді ұнатады. Бірақ мен өзім оқуда жүргендіктен кейде 2-Зайлап тікпей қаламын, сондықтан қазір мен киім тігуді табыс көзіне айналдырдым деп айта алмаймын. Алайда, алдағы уақытта бизнес курстарға қатысып, өзімнің осы хоббиымды табыс көзіне айналдыру үшін инвестиция жасаймын деп отырмын.»

Қазіргі заманғы технологиялардың арқасында біздің өміріміз бір смартфонға оңай сыйысады, ал смартфондар біздің өміріміздің бір бөлігіне айналды. Осылайша, біз үшін онлайн режимінде білім алу мүмкіндігі ең жақсы жолға айналып отыр және әлемнің кез-келген нүктесінде жүріп өтуге болатын курстар мен тренингтер көмектеседі. Иә, шынымен де қазіргі кезде негізгі білімді игере жүріп, өзіңе ұнамды қосымша жұмыспен де айналысуға болады. Өз уақытыңды тиімді әрі ұтымды өткізудің негізгі жолы осы. Сонымен қатар, ғаламторды тиімді пайдалану арқылы түрлі бизнес көздерін ашуға болады. Жастар арасында көп тараған бұл кәсіптің де өз қыры мен қызығының бар екені анық. «Бұл кәсіпті ашып өзіме көп нәрсе үйрендім: онлайн сауданың фишкасымен таныстым, таңдау,

ізденіс, жауапкершілікке, біраз, адамдармен қарым-қатынас жасаулы үйретті.» - деп ой түйеді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің студенті Әдемі Кункакова.

Білімсіздік көлеңкесін тұтас ғұмырға түсіреді. Қазіргі уақыт қалың көрпе астында шырт ұйқыда жататын заман емес. Дамы, ізден, оқы, өс.

Құрметті оқырман, сіздерге көмек ретінде білім деңгейін арттыруға, дамуға көмектесетін бірнеше пайдалы сайттардың тізімін жасаған болатынымыз:

Мүмкіндіктерге толы уақыт...



1. «Теплосеть» жеңіл білім беру платформасы

«Теплосеть» белгілі «Әлеуметтік технологиялар жылыжайы» сайтының командасымен жаңа қолданушыларға арнап жасалған және әркімге қолжетімді платформа. Мұнда белсенді азамат болу және БАҚ-та хабарландырулар жазу, әлеуметтік желілерде трансляция жүргізу, өзінің қайырымдылық науқаны үшін сайт жасау немесе жұмыс тиімділігін бағалау туралы дағды мен білім алуға болады.

2. «Нетология» интернет-мамандықтар университеті

«Нетология» - бұл интернет-маркетинг, жобаларды басқару, дизайн, интерфейстер мен веб-әзірлемелерді жобалау саласындағы мамандарды даярлау және қосымша оқыту бойынша университет. Онлайн-платформа аясында студенттер үздік сарапшылардан құнды практикалық білім алады, алынған дағдыларды пысықтауға практикалық тапсырмаларды орындайды, сондай-ақ сарапшылар және өз пікірлерімен қарым-қатынас жасай алады.

ИНТЕРНЕТ - маркетингтің маңызы

Қазіргі нарық жылдам ойлау мен интернет арқылы жұмыс жасауды талап етеді. Жыл өткен сайын ғаламтор күші барша адамдардың өміріне әсерін тигізіп жатыр. Бұрынғыдай дәстүрлі форматта жұмыс жасайтын кәсіпкерлерді сирек кездестіреміз. Егер табысыңызды бірнеше есеге өсіргіңіз келсе, интернет-маркетингтен хабарыңыз болуы керек.

Интернет - маркетинг-әлеуметтік желілер немесе сайт арқылы өз тауарыңызды жарнамалап сату. Қандай салада жұмыс істесеңіз де өніміңізді өткізу үшін маркетинг құралдарын білуіңіз керек. Мәселен, әлемге әйгілі Apple компаниясы трендтегі телефонды сату үшін маркетинг құралдарының барлық түрін қолданады. Атап айтсақ, ерекше видео түсіру үшін мобилографияны, өтімді мәтін жазу үшін копирайтингті шебер қолданып сатылымдарын бірнеше миллиардқа дейін жеткізеді.

Бүгінгі таңда елімізде бұл сала аса жоғары сұранысқа ие. Жастар ғана емес орта буынды азаматтар да маркетингпен айналысып жүр және оны үйрену үшін үлкенді-кішілі курстар мен мектептер ашылып жатыр. Соның бірі - Қазақстанға танымал кәсіпкер Қуаныш Шонбайдың «Интернет - маркетинг PRO» курсы. 2020 жылы Қуаныш Шонбай Shonbay Business School атты кампус ашып, онда «Интернет маркетинг» жобасын шығарған болатын. Мыңдаған шәкірттер сонда білім алып, 500-ден аса кәсіпкерлер мен студенттер табыстарын миллион теңгеге дейін өсірді. Курс маркетингтің негізгі 5 құралы: копирайтинг, сайт жасау, мобилография, таргет, сатуды үйретеді. Ұзақтығы 3 ай.

Аталған жылдың шілде айында осы курсқа қатысып, жетістікке жеткен Мөлдір Әбдіхани жоба жайында мынандай пікір білдірді:

«Бұл курсқа келмей тұрып мен сән салонында қызмет жасадым. Өзім студент болғандықтан табыс көзін қалай арттырсаң болады деген сұраққа жауап іздеп осы курсқа келдім. 3 айдың ішінде терең білім алып, өзім үшін жаңа орта қалыптастырдым. Сәтті шыққан бірнеше жобаларым бар. Бәріне интернет маркетинг құралдарын қостым. Таргетті үйреніп түрлі компанияларға жобалары бойынша клиенттер тауып бердім. Өмірімнің жаңа бағытқа бұрылғаны үшін ризамын».

Заман дамыған сайын адамдардың көзқарасы мен қозғалысы да өзгереді. Өз салаңа жаңа тыныс беру үшін маркетинг шарттарын біліп жұмыс атқарған жөн.

Гүлнұр ТӨРЕМҰРАТҚЫЗЫ
Фил-43

3. Қазақ тілінің Онлайн курсы «Soyle.kz»

Аудио - және бейне оқыту жазбаларын, сөздікті, грамматика бойынша анықтамалықты, жаттығулар жинағын және басқа да пайдалы материалдарды компьютерде және гаджеттердегі қосымшаларда ашуға болатын 24 сабақ. Жоба бойынша лингвист-ғалымдар мен практик-мұғалімдердің шығармашылық тобы жұмыс істеді.

Ресурстың басты ерекшелігі - қазақ тілінің грамматикалық формалары мен сөздерін оқыту диалог түрінде жүргізіледі. Алғашқы сабақтардан бастап өмірлік жағдайларға арналған тұрақты сөз тіркестерін және дайын конструкцияларды зерделеу ұсынылады.

4. «Ашық білім» онлайн-платформасы

«Ашық білім» - Ресей университеттерінде оқытылатын базалық пәндер бойынша онлайн-курстарды ұсынатын заманауи білім беру платформасы. Платформаны жетекші ресейлік университеттер - М. В. Ломоносов атындағы ММУ, СПбПУ, СПбМУ, «МИСиС» ҰЗТУ, НИУ ВШЭ, МФТИ, ОрФУ және АТМО Университеті негізін қалаған «Ашық білім берудің ұлттық платформасы» қауымдастығы құрды.

Платформада орналастырылған барлық курстар тегін және білім берудің базалық деңгейіне формальды талаптарсыз қолжетімді. Сайтта тіркелуден өтіп, өзіңізге қолайлы курсты таңдау жеткілікті.

5. КЕҰ Медиа мектебі

КЕҰ Медиа мектебі - бұл сарапшылар тобы. КЕҰ Медиа мектепте оқыту сізден тек уақыт пен тілек талап етеді. Мұнда әлеуметтік желілерге арналған құралдардан бастап жобалардың көшбасшыларына тұрақтылықты қалай сақтап қалу керектігі туралы практикалық кеңестерге дейінгі медиа сарапшылардан түрлі тақырыптарға онлайн-дәрістер мен вебинарлар жүктелген.

Гүлбиби БАҚЫТБАЕВА



ФИЛОЛОГИЯ факультеті

«Кітап-тілсіз ұстаз, сарқылмас қазына»

Түркі халқының даналық сөздерінің бірінде:

“Кітап деген тұңғиық,
Тереңіне бой бермес.

Бар байлықты мол жиып,

Ешкім оған тең келмес”-деген асыл сөз бар. Рас, адамзат баласы сол теңіздей терең кітаптың тұңғиығына батып, баға жетпес маржандай тізілген білімінен сусындап, әлі де шөлі қанар емес.

Мен де осы қатардың бірінен орын аламын. Алғаш бала кезден қазіргі күнге дейінгі тілсіз сырласым да, мұңдасым да, досым да - осы “мұқабалы қазына”. Талай қаламынан небір “шедеврлер” туған жазушылардың, ғылым әлеміне бойлаған ғалымдардың, ірі тұлғалардың, қайраткерлердің кітаптарын оқып, таныстым. Әрқайсысы мен үшін өте ыстық, өзіндік орны бар. Солардың біріне тоқталсам...

2021 жылы Бақытжан Бұқарбайдың “Күміс кітап” атты кітабын оқу бақыты бұйырыпты. Бақыты деуімнің

себебінің аргументтері көп. Біріншіден, менің “бір жылда -100 кітап оқу” деген мақсатыма себепкері. Екіншіден, тек кітап жайлы мәлімет қана бермей, өмір иірімдерінің шынайы бейнесін айқын көрсетіп, ақ пен қараны ажыратып беруінде. Үшіншіден, бойыма бірнеше қасиеттер мен әдеттерді сіңіруге көп көмегін тигізді.

Егер де “қандай кітап оқысам болады?”-деген жандар болса, осы кітапты оқуды ұсынамын, өйткені оқуға өте жеңіл әрі пайдалы. Толықтай жілік-жілігіне бөлмей, оқуды өзіңізге қалдырдым. Қысқасы, “өміріңізге нағыз септігі тиетін, қызық жерлерін түртіп алатын” кітаптың дәл өзі. Кітап жайлы, үш күн, үш түн айт десеніз, жырлауға дайынмын, алайда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні деп қысқа қайыра келе, “қу дүниенің емес, жан дүниенің бай болсын десеніз, кітапты серік етіңіз”.

Дильназ МАХУТОВА,
Филология факультеті, ҚТӨ-11

«Сұлулық әлемді құтқарады»

Жалпы, әйел адамзаты табиғатынан сұлулыққа жанықұштар, нәзікжанды болып келеді. Осыған орай 2022-ші жылдың айтулы күнінде, яғни, ақпан айының 22-ші жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚУ - де “Қыз Жібек” клубының ұйымдастыруымен бет әрлеуге байланысты шеберлік сағаты өткізілген болатын.



Бұл шара ақжайық ақыны – Ақұштап Бақтыгерееваның тікелей қолдауымен жүзеге асты. Кеш барысында шараның шымылдығын, “Қыз Жібек” клубының студенттік төрайымы – Гүлбибі Сағынайқызы кіріспе сөз сөйлеп ашып берді. Сондай-ақ, өткізілген шараның мақсатын айқындап, 2022 жылдағы “Қыз Жібек” клубының мүшелерін алғашқы шараларымен құттықтады!

“Қыз Жібек” клубы ұйымдастырған бұл шеберлік сағатының өткізудегі басты мақсаты: қыздар қауымының күнделікті өмірде қолданып, пайдаланып жүрген бояуларының қаншалықты дұрыс, қаншалықты пайдалы және теріге зиян келтіретін тұстарын ашып, көрсетумен қатар, түсіндірме жұмыстарын жүргізу болды.

Шеберлік сағатында, басты қонағымыз – Ақерке Болатқызы модельге макияж жасау барысында, бетті әрлеп, бояп қана қоймай, қыз балаларға косметика құралдарының

айырмашылығын, құны жағынан, сапасы жағынан білу керек мәліметтерді атап өтті. Қыздар қауымына құр қол келуді жөн көрмеген Ақерке Болатқызы көрермен арасынан екі студент бойжеткенге өзінің тарапынан “Сам себе визажист” курсына тегін сертификаттар табыстады. Сонымен қатар, бояу барысында тиімді, пайдалы бірнеше лайфхактарымен бөлісе кетті.

Шеберлік сағаты өз мәресіне жете келе, көрермен тарапынан сұрақтар туындап, “makeup” маманы : Ақерке Болатқызынан бояу құралдарының теріс-оң пайдаларын сұрап, көкейде жүрген сұрақтарына жауап алып қана қоймай, бірнеше мәліметтерді қанжығаларына байлады. Шара кең ауқымды түрде, қызықты және әсерлі өтті. Қыздар қауымы өз керектерін біліп, пайдалы ақпараттармен танысып, Ақерке Болатқызына алғыстарын айта отырып, қош айтысты!

Бізде 24 сағат, ал Илон Маскта қанша?

Шырылдаған телефон қоңырауына түнімен инстаграм мен тик-токты шарлаған көздерің ояна алмай әлек. Бір мезет сағатыңа қарасаң, сабақтың уақыты жақындап қалған. Асығыс-үсігіс автобус аялдамасына жүгіресің. Солай маужырап отырып университеттегі тағы бір күнің өтеді. Үйге келе сала керуетке қайта құлайсың. Қысқасы, бүгіндікке бітіретін шаруаң – әлеуметтік желімен жердің бетін шарлау ғана. Ал, сол жер тұрмақ, Марс планетасына жол салып жатырған, миллиардерлер журналы «Forbes» рейтингінде 2021 жылдың 7 қаңтарында \$185 млрд дәулетімен Джефф Безосты екінші орынға жылжытып, әлемдегі ең бай адам атанған Илон Маск ағасы Кимбала Масктың айтуы бойынша, жасөспірім кезінен бастап күніне екі кітап оқыған екен. Ал енді есептей беріңіз! Бұл дегеніміз, айына 60, жылына 720 кітап. Осыдан кейін миллиардердің

«Ракеталарды қалай жасап шығардыңыз?» деген сауалға «Мен кітап оқығанды жақсы көремін!» деп қарапайым жауап беруі – жетістікке жетуінің басты құпиясы деген ойға тоқталдым.

Осыдан тура бір ай бұрын Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетіміздің түлегі Ақерке Шайқының идеясымен он үш ару бас қосып, «Кітап оқу» сайысын бастаған едік. Мақсатымыз - жылдамдыққа жарысу емес, қазақ әдебиетіндегі салмағы ауыр саналы тақырыпты көркем тілде қозғайтын шығармамен танысу. Алғашқы кезеңде қазақ еңбекшілерінің бостандық-тендік жолындағы күресін айқын көрсеткен туынды, ауылдағы тап тартысын және оның дами келе ұлы революцияға қалай ұласқанын максимизм-ленинизм оқуы тұрғысынан суреттеген қазақ-совет әдебиетіндегі алғашқы

Школа-вуз

Жетімнің жасы әке менен анаға

Әке жаным,
Асқар тауым асылым
Сағынғаннан мен үздіксіз жасыдым
Қоңыраудан дауысыңды естіп-ап
Қуаныштан балаша мен тасыдым

Мен өзіңді уайымдатқым келмейді,
Жүректегі сағынышым көнбейді.
Сабырымды сақтауменен келемін,
Сұрақтарым мені үздіксіз тергейді.

Қазір-ақ қасыңа барғым келеді,
Үміт шіркін сәулесінде себеді.
Мен сізді елестетсем алдыма,
Көзім мүлде өзгелерді көрмейді.

Анам жаным!
Менде сізді сағындым.
Таңым атып,
Түнді оймен батырдым.
Ауырғанда түнде кетпей жанымнан,
Ұйқысызда тағы таңды атырдың.

Мен келемін білім жолын қуалап,
Жаман менен жақсыда саралап.
Сатқынды да досты да таныдым,
Жүргендей шығар жолды сығалап.

Кеш батқанда түрлі ойлар ойлаймын,
Кейде балаша қуанып мен ойнаймын.
Кейде тағы жасым менің таусылмай,
Сағынғаннан сарылып мен сорлаймын.

Ана сенің күлкіңді мен сағындым,
Ауырма деп жаратқанға жалындым.
Сізде мені сағындыңыз білемін,
Бала жаның түндіз саған табындым.

Келші әке, келші ана жаным,
Күтудемін мен сіздерді сағына.
Балаң сені мәңгі сүйіп өтеді,
Өткенше ана өмірдің шағына!

Нұрбану ТУЛЕУБАЕВА,
Филология факультеті, ИЯ-17

Махаббатым болып қалшы ең соңғы

Жабырқадым,
Жылап та алдым,
Жұттым мұң,
Жүрек деген тар қапасақ тұтқынмын.
Махаббатты мен түсіне алмаппын,
Сен ұғынсаң ұқтырғын.

Жанымды кеп толқытқанда,
Өзге екпін,
Мен-ақымақ, жоқ бақытты көздеппін.
Саған ғашық боп қалыппын, алайда,
Оны өзім,
Сезбеппін.

Сезімді оңай білдіреді алғаш кім?!
Ойлай-ойлай ақылымнан алжастым.
Жетегімен жүріп тәтті қиялды,
Қу сағымның жетегіне жармастым.
(Әй-мен осы оңбаспын).

Көтере алмай мұңға толы еңсемді,
Болмас бақтан үміт еткен мен-сорлы.
Ең алғашқы сезім мәнін ұқтырған,
Махаббатым болып қалшы.
Ең соңғы...

Ертай КЕҢЕС,
Филология факультеті, ҚТӨ-13

көлемді еңбек Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романын таңдадық. Қорытындысын туындыны таразыға тартып, саналық салмағын сығымдайтын жүз сұрақ бағамдамақ. Сауалдан сүрінбеген жеңімпазға кітап тарту етіледі. Сөремізді толтырып қана қоймай, болашағымызға білімнің инвестициясын құйып жатырған бұл сайыс өміршеңдігін жоғалтпай, жалғасын таба бермек.

Марсты бағындырғалы жатырған Масктан да биік жетістікке жетеміз десек, тым болмағанда, маған да, саған да, Илон Маскқа да теңдей сыйға берілген 24 сағатымызды тиімді пайдаланып, кітап оқуды өмірлік дағдымызға айналдырайық!

Зерігул АЖМУРАТОВА,
Филология факультеті, Фил-11

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Иванова Назкен

Профессия и призвание

Свой 70-летний юбилей отметила педагог и наставник Ирина Михайловна Коленко.

«Поздравляем Вас с юбилеем и выражаем искреннюю благодарность за посвященные библиотечному делу годы. За 70 лет пройден достойный путь, отмеченный упорным трудом и целеустремленным поиском, чувством долга, ответственностью, деловитостью к себе и коллегам. Вашему оптимизму, решительности, умению оценивать жизненную ситуацию позавидуют те, кто идет следом. Ваше имя как библиотековеда и библиографа, педагога и наставника, редактора и автора многих научно – библиографических указателей, статей, монографии известны в республиканском масштабе. С вашим именем связана подготовка молодых библиотечных кадров, осуществлялись творческие и научные связи с различными организациями стран ближнего зарубежья, претворялись в жизнь международные проекты. Вы – одна из лидеров в библиотечном сообществе, чьи благие начинания всегда успешно осуществляются. И залог тому – Ваш огромный опыт и знания, умение творчески подходить к любому делу, талант организатора, чуткость и доброжелательность к людям» - отметил, поздравляя юбиляра ректор университета, профессор Нурлан Хабибуллович Сергалиев.

Ирина Михайловна родилась в Уральске. В школу пошла в Москве, где её отец на тот момент учился в Высшей партийной школе. С третьего класса училась в Уральске в школе №3, которую окончила с золотой медалью. В 1974 году окончила Ленинградский государственный институт культуры им.Н.К.Крупской по специальности «Библиотековедение и библиографии». В 1977 и 1979 году прошла курсы повышения квалификации во Всесоюзном институте повышения квалификации работников культуры при Министерстве культуры СССР в Москве. В 1989 году прошла курсы в Московском государственном университете культуры.

Свою трудовую деятельность Ирина Михайловна начала в областной библиотеке им.Н.К.Крупской (сегодня областная универсально-научная библиотека им.Ж.Молдагалиева) в качестве библиографа, где её учителями стали мэтры библиотечной профессии Лидия Игнатьевна Губанова и Мария Ивановна Чиркова. Во время работы в библиотеке Ирина Михайловна принимала активное участие в проведении централизации государственных массовых библиотек, переводе фондов и справочно-библиографического аппарата

на новые таблицы ББК (библиотечно-библиографической классификации), создании депозитарного фонда хранения фондов библиотек Западного Казахстана. Большой вклад внесён Ириной Михайловной в формирование системы краеведческих библиографических пособий.

Совместно с кандидатом исторических наук, краеведом Александром Белым Ириной Михайловной в 1973 году было составлено рекомендательное библиографическое пособие «События Крестьянской войны под предводительством Емельяна Пугачёва в Приуралье», а в 1976 году совместно с кандидатом филологических наук Николаем Фокиным пособие «Литературное Приуралье». В разные годы Ирина Михайловна составила следующие пособия: «По дорогам истории Уральской области» (1973), «Искусство Приуралья» (1983), «Дореволюционные издания Уральской типографии в краеведческом фонде библиотеки» (1997), «Издания о Казахстане издательств Казахстана 30-50-х годов XX века» (1997) и многие другие. В 2017 году в свет вышла монография Ирины Михайловны «История библиотечного дела Западно-Казахстанской области», ставшая первой попыткой обобщить имеющуюся в разных источниках информацию по истории библиотечного дела Приуралья.

Сегодня Ирина Михайловна находится на заслуженном отдыхе, занимается воспитанием внуков, оставаясь при



этом активным участником в жизни родной кафедры, и поддерживает связь со своими выпускниками.

Ирина Михайловна Коленко, библиотековед, библиограф, педагог и наставник, воспитала целую плеяду библиотечных работников. Ее воспитанниками являются директора, заведующие отделами, начальники, руководители подразделения университетской, городской, областной библиотек Казахстана, так и за пределами страны. Ее благодарные ученики поздравляют ее с юбилеем со всех уголков Казахстана.

Научная библиотека,
кафедра хореография и культурно-досуговая работа



12 ақпан күні Экономика саласында еңбек етіп, қарапайым қатардағы есепшіден экономист, қаржыгер, бас есепші дәрежесіне дейін көтеріліп, абыройлы еңбек атқарып келе жатқан, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Бас есепшісі Бақтыгереева Ұлғаным Ғазизқызының ардақты 60 жас мерейтойы өтті.

Тағзым мен дәріп

Жоғары зияткерлік деңгей мен білім, қол жеткізген табыстары мен білім беру саласының экономикалық бағыты, есептік, қаржылық қызметінің дамуына қосқан зор үлесін әріптестері әркез мақтан тұтады. Ұлғаным Ғазизқызының алғашқы еңбек жолынан кәсіби маман боп, білікті басшыға дейін көтерілуі сол қызметтегі табанды еңбегі мен ұзақ жылдық басшылық қызметтегі біліктілік деңгейінің жемісі деп бағалаймыз. Бүгінгі күні

өз саласында жасаған еселі еңбегімен үлкен абырой биігінде құрметті зейнет жасына шығып отыр.

Қадірлі Ұлғаным Ғазизқызы! Абыройлы еңбек атқарып келе жатқан сіздің тұлғалық өмір жолыңыз өзіңіз қызмет атқаратын университеттегі әріптестеріңіздің алдында тағзым мен дәріпке ие. Мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, күш-қуат, ұзақ ғұмыр тілейміз!



Университетімізде 25 жылдан астам қызмет атқарып, ғылыми кадрларды даярлауда зор еңбек сіңірген ғалым-ұстаз, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Рустенова Раиса Михайловнаны 75 жас мерейтойымен университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев құттықтады. Қабылдау барысында ғалым-ұстаздың еңбектеріне тоқталып, бүгінгі дағдылары туралы ұзақ әңгімелесті. Раиса Михайловна болашаққа деген жоспарларымен де бөлісті.



Алтын ұям, рахмет!

Кеңісін, тілім, шеңберің,
Жазылсын ойлар естегі.
Еліме деген еңбегім –
«Шешендіктану кестелі».

Қазғанда құдық инемен,
Бастаған едім жол басын.
Кіршіксіз таза сүйген ем,
Махамбет білім ордасын.

Жылдарды тастап із қылып,
Жүрген сәттерде батыл ек.
Танытқан бізге ізгілік
Ұшырған ұям, рахмет!

Дарытқан өнер бойыма,
Сүйікті ордам – асылым.
90 жылдық тойыңа
Еңбегім болсын шашуым.

Бейнетті түбін Зейнетті

75-ші көктемге қадам басқан ғалым өзінің еңбек жолын кезіндегі КСРО-ның Псков облысынан бастаған. 1970 жылы Великолукск университетінің зооинженер факультетін тәмамдады. 1970-1972 жылдары Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру және генетика ғылыми - зерттеу институтында «жануарлардың жыныстық жасушаларын криоконсервациялау» проблемасымен жануарлардың өсімін молайту биологиясы зертханасында аға зертханашы болып жұмыс істеді. Осы саладағы өнертабысы үшін 1973 жылы зерттеу нәтижелері бойынша авторлық куәлік берілді: жануарлардың сперматозоидтарының тәжірибесін арттыру үшін қоспасы. 394043. Авторлардың бірі: Прокопцев В. М., Рустенов А. Р. 1972 жылдан 1979 жылға дейін Батыс Қазақстан АШИ-де алдымен дайындық бөлімінде, содан кейін физиология және биохимия кафедрасында оқытушы болып жұмыс істеді.

1980-1983 жылдары - Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жануарларын өсіру және генетика ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында білім алады. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін, 1983-1995 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтында аға оқытушы, физиология және биохимия кафедрасының доценті болып жұмыс істеді. 1995 жылдан М.Өтемісов атындағы БҚМУ биология және экология кафедрасының доценті қызметін атқарады. Оқытатын



пәндері: Адам анатомиясы, адам және жануарлар физиологиясы, оқушылардың даму физиологиясы, цитология және гистология, биологияға кіріспе және т. б.

Ғалымның жарты ғасырдан астам уақытында 100-дің үстінде ғылыми мақалалары жарық көріп, бірнеше оқу-әдістемелік құралдары басылып шыққан. Раиса Михайловна, республикалық пәндік олимпиадалардың белсенді эксперті. Ауыл шаруашылығы саласындағы қажырлы еңбектерінің арқасында КСРО кезінен ақ, ғылыми қауымдастықта өзіндік орны қалыптасты. Раиса Михайловнаға зор денсаулық, отбасына амандық тілейміз!



Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
2022 жыл, ақпан

18 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90-жылдығына орай университеттің студенттері арасында Педагогика және Физика-математика факультеттерінің ұйымдастыруымен «Маска шоу» байқауы өтті.

Әлемдік «МАСКА» БҚУ-да



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90-жылдығын насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шара оқу ордасы студенттерінің ұйымшылдығын одан әрі көтерді.

Маска – Оңтүстік Кореяның MBC телеарнасында көрсетілетін әлемге әйгілі «King of mask singer» шоуының қазақстандық нұсқасы. Тележоба 2019 жылдың қаңтар айында америкалық Fox телеарнасында «The masked singer» деген атпен эфирге шықты. Бұл шоу әлемнің 50-ден астам елінде, оның ішінде Мексика, Аустралия, Таиланд, Германия, Франция және т.б. мемлекеттерде көрсетіледі. 2020 жылы көршілес Ресейде тұсауы кесілді. Музыкалық жоба көрерменнің арасында тез танылып, жоғары рейтингке ие болды.

Ең қызығы, қатысушылардың тұлғасы құпия сақталады. Әр өнерпаз оларға арнайы тігілген ерекше костюмдер мен маскаларда өнер көрсетеді.

Бірнеше кезең бойынша өнер көрсеткен масканы әртістер I кезеңде «Патриоттық ән», II кезеңде «Саундтрек» шырқаса, III кезеңде «Еркін тақырыптағы ән» орындады. Әр факультеттен бір студент қатысып, өнерпаздар жұмбақ күйде болды. Сайыс қызықты да, тартысты өтті. Актерлық шеберліктерін көрсетіп, керемет ән шырқағандар келесі кезеңдерге өткізілді.

Қорытындылай келе, Физика-математика факультеті жүлделі 3-орын, Тарих экономика және құқық факультеті жүлделі 2- орын, Жаратылыстану-география факультеті жүлделі 1- орын, Бас жүлде мәдениет және өнер факультетіне бұйырды.



ПЕДАГОГИКА факультеті

Әскери борыш - абыройлы міндет

8 ақпан күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінде Әскери кафедра оқытушылармен кездесу өтті.



Мақсаты: Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын толықтыруға шақыру, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғанысты, экологиялық қауіпсіздік әскерлері үшін резервтік офицерлерді

дайындау. Кездесуге педагогика факультетінің «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының әскери оқуға қызығатын студенттері барып қайтты, ішінде оқуға жазылған студенттерде бар.

STUDfilm

Ақпан айының 11 жұлдызында М.Өтемісов атындағы БҚУ, Тарих, экономика, құқық және жаратылыстану-география факультетінің ұйымдастыруымен факультет аралық «STUDFILM» жобасы өтті. Мақсаты: университетіміздің студенттерін бірлікке, ұйымшылдыққа шақыру. Өнерлерін бар факультеттер алдына паш ету.

Сайыс екі кезеңнен тұрды. Біріншісі «Cosplay» кезеңі. Сайыс барысында командалар танымал фильмді сахнада қойылым ретінде көрсетті. Келесі шешуші кезең «КиноQuiz» бұл кезеңде әр команда ұяшық таңдау арқылы экранда көрсетілетін үзінді арқылы фильмнің атауын тапты.

Жалпы қорытынды бойынша жүлделі I орынды



Мәдениет және өнер факультеті алса, II орынды Филология факультетінің жүйріктері алды. Ал, III орынды Педагогика факультетінің өнерлі де, белсенді студенттері иеленді.

ҚҰШТЫҚТАЙМЫЗ!

16-17 ақпан күндері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай өткізіліп жатқан «STUDenergy» спартакиадасында әйелдер және ерлер арасында өткізілген волейбол жарысында Педагогика факультетінің студенттері I орынға қол жеткізді.

Осындай нәтижемен факультетімізде тек «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының ғана емес, басқа да мамандық иелерінің спортқа жақын екендігіне барша университет оқытушылары мен студенттерінің көзін жеткізді.

Ақпан айының 15-і күні М.Өтемісов атындағы БҚУ бас ғимаратында факультеттер арасында «StudLiga MU» 1/4 ойыны өткен болатын.

Көңілді күн!



Мақсаты: Студенттердің достық қарым қатынасын нығайту, әзіл сүйер жастарға керемет көңіл күй сыйлау.

Жалпы өнер көрсеткен командалар:
Апат-водопат (Жаратылыстану-география факультеті);
Ығай-сығай (Педагогика факультеті);
Идеал (Мәдениет және өнер факультет);
Эверест (Мәдениет және өнер факультеті);
Студенческая 1Б (Педагогика факультеті);
Шүкір (Мәдениет және өнер факультеті);
Аристократ (Тарих, экономика және құқық факультеті);
F4 (Мәдениет және өнер факультеті).

Педагогика факультетінен құралған команда ойыны жоғары деңгейде өтті. Ағымдағы жаңалықтарды және студенттік өмір қызықтары жайлы әзілдер көрсетті. Қазылар алқасының да көңілінен шығып екі команда да келесі кезеңге өткізді.

Спорт - денсаулық кепілі!



М.Өтемісов атындағы БҚУ, педагогика факультеті, «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 2 курс студенттерінің арасында университетіміздің 90 жылдығына арналған және қысқы Олимпиадасын қолдау мақсатында шаңғы спортынан жарыс өткізілген болатын.

Шаңғы спорты дене тәрбиесінің ең маңызды құралдарының бірі болып табылады. Спортшылардың өсуі мен даму жүйесін ынталандырады, жылуды реттеу реакциясы жетілдіріледі. Мақсаты: Студенттердің спортқа деген қызығушылықтарын, салауатты өмірге деген құлшыныстарын арттыру.

Ер балдар арасында I орынды ФКС-21 тобының студенті Абдолов Айбек иеленді, II орын Дәулетов Рашид, III орын Ұзақбай Бексұлтан бұйырды.

Қыздар арасында жүлделі I орынды ФКС-25 тобының студенті Сулейменова Фарид, II орын Асетова Диана, III орынды Кабашова Альбина алды.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім



ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ факультеті

Ахмет - Алаш тұлғасы

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерей тойына арналған тарих, экономика және құқық факультетінде және Алаштану ұйымының мүшелерінің қатысуымен «Ахмет-алаш тұлғасы» атты баяндама қорғалды. Жетекшіміз Боранбаева Бақтылы Сансызбайқызы. Бұл баяндамаға Истр-21 тобының студенттері қатысты. Шараға Ж.Молдағалиев облыстық кітапханасынан Ахмет атамызға қатысты көрмелер қойылды. Көрмеде оның томдық кітаптары, хаттары, архив құжаттары болды. Бұл баяндамада Ахметтің өмірбаяны, Ахаңды тарихшы ретінде, Алаш орданың көсемі ретінде және оның шығармашылығы, қазақ халқына қосқан үлесі, еңбегі, сүйген жары туралы мәселелерді қарастырды. Баяндама өте жоғары деңгейде өткізілді. Баяндамада Ахметтің өмір баянын «Халық қалаулысы-Ахмет Байтұрсынұлы» деген тақырыпта Каримова Карина қорғаса, «Ахмет Байтұрсынұлы және «Қазақ газеті» Мукиева Самал, «Ахмет-педагог тұлға» Жеңісқали

Ерасыл, «Ахмет-қазақ тілінің атасы» Тынышқалиева Ақмоншақ, «Ахмет-алаш қайраткері» Тусипқалиева Ақтоты, «Сүйікті жар, сүйген жар-Бадрисафа» Амантай Аружан, «Ахмет-тарихшы» Қайырбек Ақтілектер өте жоғары деңгейде баяндамаларын қорғап шықты. Шара жоғары деңгейде өтті. Жетекшіміз Боранбаева Бақтылы Сансызбаевна өзінің Ахаңға қатысты әңгімесін айтып баяндамашыларды қызықтырды. Баяндаманың соңы тарих кафедрасының меңгерушісі Байбулсинова Альфия Сабыргалиевна мен Муханғалиева Жанар Кажмуханбетовнаның студенттерге тіліктерін білдіріп, шараны өз пікірлерімен қорытындылады.

Біз, жас тарихшы ретінде осындай халыққа еңбегі сіңген, зиялы ағартушы ғалымдарымыздың есімін, шығармашылығын мәдениетті жерлерде, мектептерде, кітапханаларда насихаттауымыз керек.

Карина КАРИМОВА,
ИСТР-21 тобының студенті

Қазіргі қоғамдағы мәселелер

Қоғам заман талабына сай өзгеруде, соған қарай адам баласының ойы мен өмір салты өзгеріп жатыр. Қазіргі қоғамда көптеген үлкен және кіші проблемалар бар. Жер бетіндегі өмірдің әр кезеңі әртүрлі проблемалармен сипатталады. Біздің заманымызда сіз олардың төмендегілерін тізімдей аласыз.

Көптеген мәселелердің ішіндегі ең ауқымдысы қоршаған ортаның ластануы болып табылады. Бұл үлкен проблемадан бірнеше кішігірім мәселелер туындайды. Табиғи қазбаларды пайдаланудың салдарынан біз атмосфераны қатты ластаймыз, бұл жердегі ауа сапасын нашарлатады және адамдардың денсаулығына нашар әсер етеді. Сондай-ақ, зиянды шығарындылар озон қабатын жұқарады, бұл планета бетіндегі температураның жоғарылауына және нәтижесінде парниктік әсерге әкеледі.

Тағы бір экологиялық проблемалардың бірі - жер тұрғындарының санының өдеуір өсуі. Бұл проблема 40 жылдан кейін айтылған азық-түліктің жетіспеушілігіне, таза ауыз судың жетіспеушілігіне және адамдардың сапалы өмір сүруіне қауіп төндіреді. Мәселен, Қытайда Үкімет бұған қарсы күресті бастады. Бұған дейін Қытай үкіметі отбасыларды балалы болу мүмкіндігімен шектеді

- 1 - ге дейін (бірақ бұл мәселені шешу мүмкін болмады-нәтижесінде 60 миллион тіркелмеген қыз бар).

Қазіргі кезде адамдар материалдық және әлеуметтік құндылықтардың артынан еріп, өз рухани байлығы мен эмоционалды тұрақтылықты жоғалтып алуда. Соның салдарынан адам депрессивті, дефолтты күйде немесе ашушаң болып келеді. Сондай күйдегі адамдар түрлі жағдайларға баруға мәжбүр болады. Мысалға, суицид немесе террористік ұйымға бірігіуі. Бұл қоғам үшін қауіпті мәселе.

Біздің заманымыздың тағы бір маңызды мәселесі-адамдар арасындағы бетпе-бет қарым-қатынастың төмендеуі және қарым-қатынасқа дейін адам өмірін толық цифрландыру. Теледидар, электронды гаджеттер және интернеттің пайда болуына байланысты адамдар бір қоғамда бола отырып, қарым-қатынасқа азырақ жүгінеді.

Біздің қоғам алдындағы міндетіміз қазіргі заманның проблемаларын жою немесе оларды барынша азайту. Бұл кейінгі ұрпақ біздің қателіктерімізді қайталамай, сапалы, жайлы өмір сүруі үшін қажет. Бұл проблемалар әлеуметтік теңсіздіктің кеңеюін де қамтуы керек.

Ляззат БЕРДІҒАЛИЕВА,
Т-11 топ студенті

Сүйген жар, сүйікті жар - Бадрисафа!

Ұлт ұстазына айналған, өмір бойы ұйқыдағы халқын «Маса» боп ызындап оятуды көздеген, «қазаққа қазақты сүюді үйреткен» Ахмет Байтұрсынұлының халқы үшін еткен қызметі шаш етекпен. Ол - ақын, ол - қоғам қайраткері, ол - қазақтың тұңғыш әдебиет теоретигі, лингвист, ағартушы-ғалым. Ол - Алаш көшбасшыларының бірі. Ол - қазақ үшін бес рет түрмеге түсіп: «Асықпаңдар! Артымызда қазы бар...» деп, соңында атылып кете барған асыл боздақ. Оның өмір жолын, жасаған қызметін білу, бағалау - біздер үшін парыз. Қазақтың осындай біртуар тұлғасына адал жар, сүйген жар, сүйікті жар бола білген Бадрисафа Мұхамедсадыққызы айтпай өтуге болмайды. Бадрисафа Мұхамедсадыққызы- ел ішіне сыйлы, қонақжай, жұбайының туған-туыстарына деген шексіз құрметі ел аузында аңыздай тараған дана әйел болыпты. Ең қызығы, оның ұлты - орыс, шын есімі Александра екен. башқұрттың Падриса деген қызының атын алған. Ахаңның інісі Мәшеннің ұлы Самырат былай еске алады: "Ахаң мен Падрес апа көп жыл бірге тұрып, бір-бірін қатты сыйлады, талай қиыншылықты бірге өткізді, бірақ не керек, екеуінен ұрпақ болған жоқ. Ахаң өз ағаларының, інілерінің балаларын тәрбиелеген. Падрес апам орта бойлы, көзі көк, шашы сары, дауысы жіңішке, қазақша сөйлегенде сөзі татаршаға, башқұртшаға ұқсайтын". Бадрисафа - қазаққа тамаша келін бола білді. Халық оны «ақ келін» деп атайды екен. Басынан жаулығын тастамаған ол Ахаңа тұрмысқа шыққанда Ислам дінін қабылдапты. Зейнолла молдаға некелерін қидырғаннан кейін Ахаң әйелін имамның қарауына екі айға қалдырып, мұсылманшылықтың бүкіл шартын, қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін үйреткізеді. Ғалымның інісі Ілияс Байтұрсынұлының «Алтын бесік» атты кітабында: «Бадрисафа көрікті еді. Мейрімді еді. Мұсылманша киініп

жүретін. Намаз оқитын. Жұмсақ, майда сөйлейтін», деген жолдар кездеседі. Ахмет Байтұрсынұлы негізінен ағаларының балаларын асырап, жеткізеді. Сөйтіп жүргенде Торғайдан Меккеге жаяу барып қажылығын өтеген туған інісі Мәшеннің Шолпан атты қызын бауырына басады. Кейін Ахаң айдалып кете барғаннан кейін Бадрисафа мен Шолпан жұртта қалғандай жалғыз қала береді. Үйлерінен қуылып шығып, далада қалғаннан кейін денсаулығы сыр бере бастаған Бадрисафаны Ахаңның ағасы Қалидың Көтез атты қызы Қостанайға өзімен бірге ала кетеді. Жұбайының атылып кеткеніне қарамастан, қайын жұрты Бадрисафаны қатты қадірлеген деседі. Бірақ қолдан келер қайран бар ма, адал жардың кінәсіз айдалып кеткенін көтере алмаған Бадрисафа өмірінің соңында есінен айрылып, Қостанай ауруханасында өмірден өтіпті. Есі ауысып қалса да, дініне берік болған дейді білетіндер...

Ал ертеңін ойлаған есіл ер Ахмет:
Мен өлсем де өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа неміді алар өлім менен?!
Өлген күні апарып тығары - көр
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.
Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес, бір күнгісім.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел - бүгіншіл, менікі ертең үшін, - деген күйі атылып кете барды.

Жарты ғасыр есіміне жағылған қара күйе өшпеді. Ал ақталған уақытында халық оның жұрты үшін еткен өлшеусіз еңбегін көріп, «Қайран Ахаң, қазақты сүюдің үлгісін көрсеткен екенсің ғой» деп «аһ» ұрды. Оның еткен еңбегі бір мақала көтеретін жүк емес. Біздікі тек ұлт ұстазының бір қырын, «жанам деген жүрекке» от беру ғана...

Аружан АМАНТАЙ,
Истр-21 тобының студенті

Досы жоқ адам – Тұзы жоқ тағам

Дос адам жанының айнасы тәрізді. Себебі адам өзі қандай болса, дәл сондай жанына жақын жанды іздейді. Ойы, арман-тілегі, мақсат, ең бастысы өмірдегі құндылығы бір адамдардың шынайы дос болып, өмір бойы араларынан қыл өтпейді. Ал достық дегеніміз - адамды ерекше қанаттандыра білетін, қуанышты үдетіп, қайғыны азайтатын қарым-қатынас түрі. Өмірде адал дос табу, достық қарым-қатынастарды сайқай білу өте маңызды. Себебі әрқайсымыз достыққа мұқтажбыз, ол ешқашан көптік етпейді. Еліміздің асқақ ақыны, патриоты, ұлт жанашыры Мұхтар Шахановтың:

«Достық деген ізгіліктің алаңы,
Оған куә ғасырлар мен замандар.
Отанын да сатып кете алады

Қиын шақта досын сатқан адамдар!» деген жолдарынан достықты қандай дәрежеде бағалағаны сезіледі.

Нағыз, адал дос өмірде орын алатын түрлі сәтсіздіктерге мойымай, басқа түскен ауыртпалықтарды бірге көтеруге жәрдемдесіп, қуаныш пен шаттық күндерді бөліседі. Дос адамдардың мінездері әр түрлі болуы мүмкін, дегенмен құндылықтары мен арман – мақсаттары бірдей болады, бірақ бұл жағдай достыққа еш кедергі бола алмайды. Халықымыз достық қарым – қатынасты ерекше бағалаған, бұған дәлел ретінде бірнеше мақал – мәтел де келтіруге болады. Мысалы, "Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады", "Досы жақсының, өзі де жақсы", "Дүниеде адамның жалғыз қалғаны өлгені, қайғының бәрі соның басында".

Бұл өмірде жалғыз болу қиын екенін барлығы біледі, сондықтан, әр адам өзіне дос іздейді. Біз көбінесе көңілді, мейірімді және жанашыр адамдармен достасуға тырысамыз. Бірақ, аспан әрқашан ашық бола бермейді, көмек керек болған кезде достарымызға жүгінеміз. Міне, осы сәтте, кімнің қандай екенін түсінеміз. Сен мұқтаж болған кезде, сеннен бас тартпаған жолдасыннан ешқашан айырылма! Өйткені, есінде болсын: досты жоғалту оңай, ал табу қиын!

Айман ДЖАЙЫЛГАНОВА,
ИСТ-23 тобының студенті

Саясат - өте күрделі дүние. Ал оны жүргізе білу, сол арқылы тарихта өшпес атыңды қалдыру он есе күрделі. Тарихта өшпес аты қалған саясаткерлердің бірі, маған өзінің озық ойымен, ақыл-парасатымен, саясаттағы білікті тәжірибесімен ойып орын алған адам ол - өзіреті Абылай хан.

МАҒАН ҰНАЙТЫН САЯСИ БАСШЫ

Абылай хан 1711 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. Азан шақырып қойылған аты Әбілмансұр.

Мені Абылайдың бүкіл ішкі саяси қызметті бір орталықтан басқарылатын тәуелсіз мемлекет құру мақсаты өте шабыттандырды. Оның билігі шексіз болатын, себебі оны халық қолдады. Қол астындағы халықты басқару жүйелі болу үшін, әр жүзге басшы сайлап, би орнатқан. Абылай қазақтың атақты би-шешендеріне, айбынды батырларына арқа сүйеген. "Құш-бірлікте" ұранын ұстанған бабамыз, халықтың бірлігін, тәуелсіздігін қамтамасыз етуге барын салды. Алғашқы ұстаханалар салуда бастамашы болды. Ақын-жырау, әнші-күйшілер мен діни қызметкерлерге қамқорлық жасап отырды.

Абылай ханның сыртқы саясат ұстанудағы ерекшелігі, оның көп жерде алдын болжай алатын қасиеті. Сыртқы саясаты негізінен, ешкім жеріне қол сұға алмайтын, сырттан келген жау бағындыра алмайтын біртұтастығын қамтамасыз етуге бағытталды.

Жоғарыда атап өткен Абылай ханның қасиеттері, маған ұнайтын, мен сыйлайтын саясаткердің нағыз портреті. Осындай ұлы адамның ұрпағы болу үлкен мәртебе деп білемін.

Аружан СЫРЫМБЕТ,
ИСТР-21 тобының студенті




ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

Ағымдағы жылдың ақпан айының алғашқы он күндігінде «ЖОО-да және мектепте математиканы, физиканы және информатиканы оқытудың заманауи тәсілдері» тақырыбында ғылыми-әдістемелік апталық басталды. Апталық 07.02.-11.02.2020 жж. аралығында жоспарланып отыр. Апталықтың мақсаты жоғарғы оқу орындары мен мектеп арасындағы байланысты нығайту, тәжірибе алмасу.

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК АПТАЛЫҚ БАСТАУ АЛДЫ

Апталықтың ашылуы Google Meet платформасында жүзеге асырылды. Алдымен модератор физика-математика факультетінің деканы, ә.ғ.к., доцент Д.Б. Абулкасова бастап сөз сөйлеп апталықтың бағдарламасымен таныстырды. Апталыққа физика, математика, информатика кафедраларының ПОҚ қатыстырылып отыр. Оның ішінде ф.-м. ғ. к., доцент А.Е. Жумағалиева, ф.-м. ғ. к., доцент Б.В.Уланов, аға оқытушы, физика кафедрасының меңгерушісі Б.С. Иманғалиева, аға оқытушы, математика кафедрасының меңгерушісі С.М. Маутеева, аға оқытушы М.М. Кадырбаев, аға оқытушы Ф.Г. Мұхамбетова, аға оқытушы М.М. Иманғалиев, аға оқытушы Г.К. Амантурлина, аға оқытушы Ж.Ж. Багисов, оқытушы З.М. Химеденова, аға оқытушы, магистр Д.Н. Курмашева, оқытушы Е.С. Кубегенов, аға оқытушы, магистр Г.М. Айтенова, оқытушы, магистр Г.А. Узакбаева, оқытушы А.Н.Есенғалиева өз тәжірибелерімен бөлісетін болады.

Ең бірінші болып апталықты бастаған п.ғ.к., доценті А.Б. Медешова Google Meet платформасында онлайн форматта «Ғылыми ізденіс жол» атты дөңгелек стол өз жалғасын



тапты. Осы дөңгелек столдан алған әсерім өте жоғары болды. Жас маман, бітіруші түлектер мен жас ғылымдарға керек ақпарат болды. Ғылыми мақала мен ғылыми баяндамаға қойылатын талаптарды, ғылыми зерттеу нәтижелерін ұсыну формалары жете тоқталып өтті. Оның ішінде көп кездесетін ауызша және жазбаша формалары жеке-жеке түсіндірілді (ауызша формалары баяндама, хабарлама, жазбаша жарияланған (монография, мақала, баяндама тезисі), жарияланбаған (қолжазба, диссертация, ғылыми-техникалық есеп)). Сонымен қатар презентацияны қалай жасау ережелеріне де тоқталды. Қазіргі кезде постер деп аталып жүр. Постерде аннотация, кіріспе, тапсырмалар, әдістерге талдау жасау, нәтиже, қорытынды, әдебиеттер тізімі болатынын көрсетті. Қорытындылай келе мақала мен баяндама айырмашылығы, постерлік баяндама, презентацияны баяндау жолдарын айтып кетті. А.Б. Медешова өз баяндамасынан кейін тыңдаушыларға сұрақ қойып өз пікірлерімен алмасты. Баяндама сәтті аяқталды.

Б.С. НАСЫРОВА,
Информатика кафедрасының оқытушы, магистрі

«Өмірі өнегелі ер тұлға»

Халқымыздың аяулы перзенті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 110 жылына арналған «Өмірі өнегелі ер тұлға» атты кураторлық сағат өткізілді.

Кураторлық сағаттың мақсаты ағамыздың өмірімен, еңбек жолымен, игі істерімен таныстыру және адамгершілік асыл қасиеттерін үлгі тұтуға тәрбиелеу. Көрнекілігі: суреттер, нақыл сөздер, слайд, сөрелерде кітап бұлақтары. Өткізгендер: ИС-21, ИС/у-23, ВТИПО-21, И-21 топ студенттері. Қатысқандар: Информатика кафедрасының оқытушылар және 2 курс топ студенттері.

Алдымен сөз топ кураторы оқытушы, магистр Насырова Булбул Сагинғалиевнаға беріледі. Еліміздің қарыштап дамып, өркениеттің жолына шығуына өлшеусіз еңбек сіңірген аса ірі қайраткер, халқымыздың ұлы перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туылғанына 110 жыл. Алдымен өзі туралы ақпараттар айтылды. Ол өзінің асқақ мұратты парызын адал орындады. «Ақылдыдан қалған асыл сөз». Димаш ағаның «Ақиқаттан аттауға болмайды» ғұмырнамалық кітабын оқығанда, ғибраты мол ғұмырдан ұрпақ түйер ұлағат аз емес. Ойы

қандай салмақты, сөзі қандай өрнекті. Даналық деген осы. Ақылды ағадан қалған сөз ұрпаққа жұғысты болғай.

«Тұлға туралы ой маржандар» «Елу жыл ел ағасы» кітабында жазылған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы естеліктерден үзінді оқылды.

Нұрсұлтан Назарбаев: /ҚР Президенті/ «Димекен өз заманының перзенті болған ірі тұлға. Ол кісінің артықшылығын да, кемшілігін де біз сол заманнан бөлек-жара қарауға қақымыз жоқ. Қонаев есімі Қазақстан халқымен бірге жасары анық, ақиқат. Ол кісі – бәрімізге ұстаз болған ұлы адам».

«Осы тәуелсіз еліміздің намысын қорғайтын, бүгінгімізді ертеңіне жалғайтын, қазақ елінің ертеңі, болашағы үшін жауап беретін ұрпақ екенімізді сезінеміз» деп еліміздің әнұранымен кураторлық сағат өз мәресіне жетті.

ВТИПО-21 топ студенттері

Студенттердің оқудан тыс қызметтері қандай?

2021 жылдың 01.06-30.06ж. аралығында Жасыл ел жастар жасағында 6В06102-Ақпараттық жүйелер білім беру мамандығының 1 курс ИС-11 топ студенті Г.М. Утепбергенова жұмыс жасады. Жасыл Ел «Эндорфин» тобында Зашаған кенті бойынша М.Мөңкеұлы аймағын көбейту жұмыстарына тартылды. М.Мөңкеұлында арамшөптерді жұлып, теректерді қопсыту жұмыстары атқарды. Топта болса студент болды. Және де көшелерде егілген гүлдерді санап Загаганск әкімшілігіне есеп бердік. Әр жұма сайын сенбілік тазалық жұмыстарына қатысты. Сарытау, Жазира аялдамасы және медколледж, Саратов трасса тас жол аймақтарының жұмыстарына белсене араласты.

2021 жылдың 27-29.10. күндері өткен «Мы+Біз добровольная инициатива» халықаралық жастар форумына ИС-21 топ студенті Кулымбай Лаура және И-21 топ студенті Әділхан Әсел қатынасты.

2021-2022 оқу жылының қабылдау комиссиясының талапкерлердің құжаттарын қабылдау кезінде белсене жұмыс жасаған 6В001505 Физика-математика білім беру мамандығының 2 курс ФИ-21 топ студенті Елтаев Арынғазы Еркебұланұлы және 6В06105 Информатика білім беру мамандығының 1 курс И-11 студенті Әділхан Әсел болды. Сонымен бірге студенттер факультеттік, университеттік спорттық шараларға белсенді қатынасты. Атап айтсақ,

ИС-21 топ студенттері Қажгереев Бекзат, Есентемиров Қуаныш, Қайырлы Нұржан, ВТИПО-21 топ студенті Темір Жасұлан факультет ішілік жеңіл атлетика, футболдан жарысты ұйымдастыруға ат салысты.

Б.С. НАСЫРОВА,
топ куратор

«Шынықсаң шымыр боласың»

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына арналған университеттің студенттері арасында «Денсаулық» спартакиадасының ашылу салтанаты 16 ақпан күні өткен болатын.

Спартакиаданың басты мақсаты дене шынықтыру мен спортты насихаттау, студенттерді спортпен айналысуға шақыру. «Денсаулық» спартакиадасы 10 жарыс түрін қамтиды. Бүгінгі күнге дейін жарыстың төрт түрі өткен болатын. «Шынықсаң шымыр боласың» демекші, студенттердің белсене ат салысуы өте дұрыс. Жеңіске тек үздіктер жетсе, барлық қатысушы командаларға сәттілік!

Гульсим БЕИСОВА, И-11 топ

ФЭНТЕЗИ

«Star wars: ҚазақMan»

(Жалғасы. Басы өткен санда)

- Бір суретті шығаруға тырысып жатыр. Әйтсе де болар емес?

- Жоқ, бұл белгілі бір код. Сандардың шапшаңдығына көз ілестіру мүмкін емес. Люси! Бұл экзосфералық қабаттан келе жатқан ақпарат. Термосфералық қабатқа өткенде ғана ақпараттың жартысын түсіне аламыз.

- Бізге қауіп төніп тұр... Қара шиыршық сәуленің бұл ай орның тез ауыстырып жылжуы Жер бетіне ойластырылған шабуыл болуы мүмкін.

- Әскери бөлімшеге хабарласайын. Кез келген жағдайға дайын болуын ескерту тиіспіз,-деп Брэйндар барынша тез қозғалды.

Қазақстан. Нұр-Сұлтан қаласы.

- Әке, бұны анам біле ме? Сен бұл күшті анамды жақсы көргенде пайдаланған боларсың?

- Жоқ, ұлым. Бұл адамдарға қолданатын күш емес. Анаң да құпияны білмейді. Сондықтан сен ешкімге айтпа. Өзгеғаламшарлық күш екеуімізде де бар.

- Олар сонда Жер бетін жаулағысы келе ме?

- Жаулай алмайды, өйткені сен барсың ғой,-деп әкесі сөз жымиып баласының арқасын қағып, құшағына қысты.

Екінші күн. Люси мен Брэйндар кешегі күннен қатты шаршап, ұйқыға кетті. Бұл уақытта Армат бойындағы күшінің қандай екенің білгісі келіп, ұйқыдан тұра сала ойланп жатыр.

Қара шиыршық сәуле термосфералық қабатқа жетті. Сол сәтте Жер бетіне қара түнек қаптай бастады. Адамдардың барлығы таң қалуда. Ал, ғалымдар мұны күннің тұтылуы емес екенің білді. Күндіз ұйқысынан ояңғандар өздерің ерте тұрғандай сезінсе, кейбіреулер күннің батуы тез болды деп түсінуде.

Обсерваторияның қоңырауы шыр еткенде екі астрофизик ұйқысынан дереу сілкініп тұрды. Түнгі уақытта тұтқаны алған Люси сыпайлықпен:

* Сізді ғарыштық обсерватория тыңдап тұр,-деді.

* Люси, бұл профессор Уильям. Күн тұтылу бүгін болу мүмкін емес. Мүлдем ол құбылысқа ұқсамайды. Қара түнек қайдан пайда болды?

* Профессор мырза, жер бетіне қауіп төніп тұрған сияқты. Бұл ғарыштан келген тылсым. Меніңше дереу әлемге адамдарды үйде оқшаулану туралы хабар беру керек.

* Жарайды, Люси. Ақ үйге жеткіземін,-деп профессор тұтқаны қойды.

Осы кезде Жер бетіне Проксималық кемелер белгісіз бір адамы жоқ маң далаға келіп қонды. Адамға ұқсамайтын өзге ғаламшарлықтар капсуладан шыға бастады. Ал, бұны Арматтың әкесі бірден түсінді. Себебі, бойындағы өзгеғаламшар күші алақанына дөңгеленіп шықты. Сол кезде Арматтың маңдайын иіскеп, иығынан басып

Ұлым, әлемді құтқаратын кез келді, - деді. Проксималық кемелер жер бетінің қай нүктесіне түскенін ғарыштық спутникте анықтай алмай жатыр. Құрылғы карта сызбасының өзгере бастағанын байқаған Брэйндар обсерватория басшысына қоңырау шалды:

- Құрметті профессор Твен, менің ойымша бүкіл әлемдік қарулы күштің бас қосуы керек секілді.

- Проксималықтардың қандай ойы бар?

- Анығын білмеймін. Спутник жер беті атауларының орнын ауыстырып, дәлдігін жоғалтуда. Картадағы аймақтар өз атауымен тұрған жоқ.

- Зерттей беріңдер, елшіліктерге хабар берем. Ядролық қаруы жоғары елдердің ғалымдары мен әскери күшін шақырам, - деп Твен көңілі алай-дүлей болып, обсерваторияға қарай көлікке отырып асықты.

Қазақстан. Нұр-Сұлтан. Армат әкесінің өңі бозара бастағанын байқады. «Әлемді құтқарамыз» деген сөзі оны ойландырмап еді. Баладай көңілі мөлдіреп барып, әкесін құшақтап:

- Әке сізге бірдеңе керек пе? Қазір анама айтайын.

- Тұшш, уайымдатпа. Сен де уайымдама. Анаң жұмысын істесін, ал сен ойнауға бар. Мен бір жерге баруым керек. Жиналайын.

Әке орны бөлек екенін сезетін бала жүрек бәрі жақсы деп сенімді айтылған сөзге көніп, тыста жүрген балаларға, ойын алаңына елеңдеді. Ал, жары әдеттегідей күйеуіне жылы шырай танытып жұмысынан бір сәтке тынығуға келген.

- Сіз бүгін біртүрлі көрінесіз. Күннің ыстығына жүзіңіз қызарып тұр ма? Әлде ауырып...

- Жооқ, ештеңе де емес. Жай бүгін әскери бөлімше мені маңызды қызметке тағайындамақшы. Аяқ астынан. ? (...Жалғасын келесі газет басылымынан оқи аласыздар)

Саябек БИСЕНҒАЛИ,
Физика-Математика факультетінің
ФИ-21 тобы студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Утепбергенова Гүлжауар



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Жаратылыстану-география факультетінде «Оқу үрдісіндегі инновациялық педагогикалық технологиялар» атты апталық аясында профессор В.В.Иванов атындағы атаулы шәкіртақы иегері, биология мамандығының 4 курс студенті Г.Қ.Смағұлованың ұйымдастыруымен Орал қалалық ЖОББМ оқушылары арасында «Биология білгірлері» атты интеллектуалдық ойыны өтті.

Шараға Орал қалалық №10ЖОББМ, №40 ЖОББМ және №46 ЖОББ мектептерінің 11 сынып оқушыларынан құралған «Ботаника», «Қыран», «DNA» топтары қатысты. Сайыс: «таныстыру», «биолог ғалымдар», «ботаника ғажайыптары», «зоология құпиялары», «анатомия әлемі» атты 5 кезеңнен тұрды. Жарыс нәтижесі бойынша №40 ЖОББМ «Қыран» тобы III дәрежелі, №10 ЖОББМ «Ботаника» тобы II дәрежелі, №46 ЖОББМ «DNA» тобы I дәрежелі дипломдарға ие болды. Сонымен бірге, болашақ студент-бітіруші түлектерді 90 жылдық тарихы бар киелі қара шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Жаратылыстану-география факультеті бойынша кәсіптік

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай ұйымдастырылған, «Әдістемелік апталық» аясында өткізілген «Қарттарым асыл қазнам» деп аталатын тәрбиелік шараны ұйымдастырған биология мамандығының 1 курс студенттері Б-11-1 тобына және ардагер ұстаздарымызға және қатысқан қонақтарымызға рахмет айтамыз.

Қарттарым - асыл қазынам

Студенттеріміз үлкенді сыйлап, құрметтей білуге, қайырымды болуға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған бұл тәрбиелік шарада студенттер өз өнерлерін (әже туралы өлең, әке туралы өлең, ана туралы монолог, үлкенді бағалай білу көрініс, би т.б.) көрсетті. «Үлкенді құрметтей білейік» деген, көріністен үзінді, «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» деген, нақыл сөз әр жастарымызға ой салатыны сөзсіз. Үлкенді сыйлап, құрметтей білу қазіргі кездегі жастардың, жас буын студенттердің, міндеті болу керек. Себебі ертен өзімізде қартайып, сол кісілердің күйін кешпесіне, кім кепіл! Үлкенге құрметімізді, қазірден бастап білдірсек, ертен өзімізге де сондай құрмет болады. Анамның маңдайындағы әжімі мен самайындағы ақ шашы, ол бізді ойлап, ешкімнен кем болмаса екен - деп, ешкімге жауап бермесі екен - деп, күні - түні біздің қамымызды ойлап, шаршаған күйі деп білемін! «Анамның күлімдегені жанымға жылу береді» деп, бекер айтпайды, өмірдегі ең әдемі күлкі, ол әрине, анамыздың жымиған күлкісі, осы орайда ардагер ұстаздарымызға биші қыздарымыз би билеп берді.

Қорыта келгенде айтарымыз, қарт кісіні құт-береке деп танысақ, ол - ұрпақтың көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әрқашан да бақытты. Ел басына күн туған, қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз қашан да аман болсын! Қарттарым, аман-сау жүрші...

С.М. КАБАЕВА,
Биология және экология кафедрасының оқытушысы магистр

БИОЛОГИЯ БІЛГІРЛЕРІ



бағдар беру мақсатында «биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы А.С.Бисенгазиева түлектерге ақпарат беру ісін жүргізді. Аталмыш шара соңында, қатысушы оқушылар факультет студенттері

мен ПОҚ-на көкей тесті сұрақтарын қойып, студенттік өмір жөнінде кең ақпарат алып, өз алғыстарын білдірді.

Нурлан КОСАНОВ,
БГ-21 тобы студенті

«ЕҢБЕГІМЕН ЕР СЫЙЛЫ, ӨНБЕГІМЕН ЖЕР СЫЙЛЫ»

М.Өтемісов атындағы БҚУ, Жаратылыстану-география факультетінде «Оқу үрдісіндегі инновациялық педагогикалық технологиялар» атты апталық аясында «Биология және экология» кафедрасы, «Ботаника» үйірмесі және үйірме жетекшісі Ж.С.Кажымуратованың ұйымдастыруымен «Еңбегімен ер сыйлы, өнбегімен жер сыйлы» тақырыбында С.И.Исаевтың алма бағын қалпына келтіруші, селекционер К. Каримовпен кездесу өтті.

Бір кездегі И.В.Мичурин, С.И.Исаев сынды селекционер ғалымдар шығарып кеткен алма сорттарын сақтап, көбейтіп болашақ ұрпаққа жеткізем деп еңбектенген Қайрат Каримов алма өсірудің қыр-сыры мен алма сорттарын таңдау, оларға керекті күтім жайында кеңес берді. Шараға факультет студенттері, ПОҚ және академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен келген б.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ө.К.Бисенов қатысты. Елімізде алма генофондын

сақтап қалу үшін дәл осылай еңбектеніп отырған бүкіл посткеңестік елдерде тек жерлесіміз үнемі Ресей ғалымдарымен кеңесіп отырады. Қазірде 7 га жерді игеріп, алманың 200-ге тарта, жүзімнің 170-тей түрін және өзге де сан түрлі сәндік мақсаттағы ағаштар мен бұталардың сорттарын іс жүзінде өсіріп келген Оралдық бағбан, студент жастарды ерінбей еңбекке етуге тартып, оның жемісі де зор болатындығын баяндады.

Гүлнұр СМАҒҰЛОВА,
Б-41 тобы студенті

2022 жылдың ақпан айының 14 мен 18-ші жұлдыздары арасында М.Өтемісов атындағы БҚУ жаратылыстану-география факультетінде «Оқу үрдісіндегі инновациялық педагогикалық технологиялар» атты әдістемелік апталық аясында доцент, биология ғылымдарының кандидаты А.У.Утаубаеваның ұйымдастыруымен Генетика пәнінен ағылшын тілінде «Di-, polyhybrid crossing» атты ашық сабақ, «Using CLIL methods in Biology lessons», «Virtual Genetics Lab» тақырыптарында шеберлік сағаттар өткізілді. Сабақ Биология мамандығының Биология-31, Б-ағылшын 3 топтарының студенттерінің қатысуымен өткізілді. Аудитория сабақ пен шеберлік сағаттар тақырыптарына сәйкес безендірілді.

Ашық сабақ пен шеберлік сағаттарға факультет деканы м.а. Абдырахман Ә.Қ., М.Өтемісов атындағы БҚУ әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің аға сарапшысы Ш.Б.Абишева, биология және экология кафедрасының меңгерушісі, PhD доктор Кожгаалиева Р.Ж., факультеттің профессор-оқытушылары, университетімізге академиялық ұтқырлық бағдарламасымен келген Атырау университетінің профессоры, б.ғ.к. Ө.К.Бисенов, биология және экология

«DNA Microarray» тәжірибесі жасалынды.

Аталмыш сабақ пен шеберлік сағаттар ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жоғары деңгейде өтті. Студенттер бойында шетел тілін үйрену үшін жақетті тыңдалым, жазылым, оқылым, сөйленім дағдыларының шыңдап, дамытуда аталмыш шеберлік сағаттардың рөлі зор болды. Сабақтар соңында сабаққа қатысқан оқытушылар мен келген қонақтар шеберлік сағаттан алған әсерлері туралы пікірлерін айтып, ризашылықтарын білдірді.

Биология пәнінің шеберлік сағаттары

кафедрасында «Экологиялық білім бағдарламаларының аралас жүйедегі ғылыми тағылымдамасынан» өтіп жатырған Жәңгірхан атындағы БҚАТУ 7М0521 «Өндірістік экология» мамандығының 2-курс магистранттары – А. Сарсенбаев пен С.Габдуллина қатысты.

Ашық сабақ уақыт машинасы арқылы ғасырлар тоғысындағы генетика ғылымының іргесін қалаған ғалымдардың қатысуымен, театрланған көрініс арқылы басталды. «Virtual Genetics Lab» атты шеберлік сағатта студенттер мен магистранттар ғаламтор желісіндегі «Merlot», «Amrita», «VirtuLab», «Learn Genetics», «LabXchang», т.б. онлайн платформалармен жұмыстанды. «Learn Genetics» сайтындағы «VirtuLab» бөліміндегі




БЕТ РЕДАКТОРЫ: Бисенғалиева Айгерім

Ө. Бисенғалиева, Л. Талапова,
Б-31 тобы

«Школа - это мастерская, где формируется мысль подрастающего поколения, надо крепко держать ее в руках, если не хочешь выпустить из рук будущее»

Д.И. Менделеев

С 14 по 18 февраля 2022 г. на кафедре химии естественно-географического факультета ЗКУ им. М. Утемисова проходила методическая неделя, посвященная 90-летию университета и 110-летию со дня рождения д.х.н., профессора, член-корреспондента АН КазССР И.Н. Азербайбаева.



В рамках этой недели 17 февраля был проведен круглый стол на тему «Актуальные проблемы современного химического образования в средней школе». Получился живой и интересный обмен мнениями по самым животрепещущим вопросам современного химического образования в средней школе. В работе круглого стола приняли участие преподаватели кафедры, учителя различных форм образовательных школ города, представители городского отдела образования.

О плюсах и минусах обновленной программы по химии рассказал тренер ЧУ «Центра педагогического мастерства» Капанова Г.Г.

Педагог-исследователь школы-гимназии №44 им. Д.А. Кунаева Жаннатова А.К. посвятила свой доклад использованию элементов естественно-научной грамотности PISA на уроках химии.

Сапарова Н.А. - учитель химии лицея-интерната БИЛ раскрыла проблему полиязычного обучения химии в средней школе.

Учитель химии областной школы-интерната для одаренных детей им. С.Сейфуллина, педагог-мастер Казиханова Э.Б. сделала краткий анализ учебников по химии, а также раскрыла нюансы процедуры прохождения учителей национального квалификационного тестирования.

Сейталиева Б.Т. - учитель НИШ поведала о материально-технической оснащенности кабинетов химии.

По итогам работы круглого стола были приняты рекомендации, которые были переданы представителю отдела образования.

С.Г. АЙТУГАНОВА, Г.Ж. СДИКОВА,
Кафедра химии



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

«Salam bro» кімге бұйырады?

Ақпан айының 7-ші жұлдызында Мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканат құрамының ұйымдастыруымен, факультетіміздегі топ старосталарына және белсенді студенттерге арналған «Salam bro кімге бұйырады?» атты интеллектуалды сайыс оздырылған болатын.

Сайыстың басты мақсаты факультет белсенділерінің жаңа қырын байқау және де сан салалы дамыту.

Жарысқа қатысушылар арнайы сұрақтар қою арқылы іріктелініп алынған болатын.

Сайыстағы әр кезеңде студенттер ақпараттық дереккөздерді пысықтай отырып, жаңа жаңалықтарға да куә болды.


Халқымыздың көнерген сөздерінің мән-мағынасын ашып, үш тілде еркін сөйлеген жігерлі де, өрел 3 студенттер тек өнермен емес, білімімен де оза шаба алатынын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Білім мен білікті шыңдайтын танымдық ойынның қорытындысы бойынша, жүлделі үшінші орынға МТЖ-11 тобының студенті Альмуханов Алихан тұрақтаса,

екінші орынды МТЖ-11 тобының студенті НұрАйзат Мұнарқызы иеленді.

170 ұпаймен көш бастап, бірінші орынға МТЖ-21 тобының студенті Ермеқалиев Қуанышбек лайық деп танылды.

Үш кезеңнен тұратын білім бәйгесінде оқ бойы оза шауып, бас бәйгені қанжығасына байлаған студенттер арнайы «Combo Salam bro» сертификатымен марапатталды.



Дара ақынға

Мұқағали мен үшін дара ақын,
Жыр еткен өлеңменен туған халқын,
Әр сөзің жүректен тербетеді,
Көтердің поэзияның биік даңқын.

Әр сала әр маманды сен жырқылдың,
Өзіңе ұқсап бағар мен бұлбұлмын.
Бір ғасырда өмірге біркелетін
Өзгеше, озық қиял сен дүлділім.

Елден бөлек, ойларың нық тұңғыық,
Өсем сөзді ойыңда тұттың жиып.
Жырларыңмен өмірге өрнектелген,
Поэзияның шыңына шықтың биік.

Айнакөз Ануарова,
Мәдени-тынығу жұмысы
мамандығының 2 курс студенті

Мұқағали атаға тағзым

Жаңадан жазып жүрмін өлең аздап,
Жүрегімде жанғандай оттар маздап.
Мұқағали атамша толғар болсам,
Жауқазын жыр жанымды жүр мазалап.

Ақын болу қолымнан келмес, бәлкім,
Ұқсауға тырысады алайда әркім.
Абай атам ұрпаққа аманат қып,
Түсіндіріп кетпеп пе ед сөздің нарқын?!

«Сөз өнерін – киелім, бақ», - деп ұғам,
Соның биік шыңына құлаш ұрам.
Біз білетін өнердің түрі алуан,
Поэзиямен мәнді емес пе мынау қоғам?!

Ақын ата, көп болса да уайым-дертің,
Соңыңнан ізің басар шәкірт ерттің.
Жырларыңа табынар мен бір-гүлдің,
Аруағыңа бас иіп, тағзым еттім!



НұрАйзат МАРАТОВА,
МТЖ-11 студенті

«Сырым да осы, жырым да осы алдыңда,
Байқашы бір,
Бықсыдым ба, жандым ба?!
Махаңдар жоқ, Махаңдардың сарқыты,
Мұқағали Мақатаев бар мұнда!»

Биыл тірісінде ноқтаға басы сыймай кеткен, қазақ поэзиясының символына айналған ақ маңдай ақыны, қазақтың қара өлеңінің қасиетін ұғынған тарихи тұлға - Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаевтың туғанына 91 жыл! Сезім мен ой арпаласында рухани ғұмыр кешкен мәртебесі биік ақын есімі, оның отты жырлары, үлгі-өнегелері ел есінде мәңгі сақталады.

білетініңізді білгіңіз келсе, іске сәт!

- 1) Ақынның тұңғыш өлеңдерінің бірі («Қырман басында»)
- 2) Аударма бағытында бақ сынап, ең жарық шыққан туындысы (Тамұқ)
- 3) 1954 жылы қай жерде ұстаздық қызметпен айналысады? (Қарасаз)
- 4) Ақынның шығармашылық жолын жиі

сынаған газет (Қазақ әдебиеті)

- 5) «Мәңгілікпен кездесу» атты ақынға арналған жыр жинағының авторы (Фарица)
- 6) Ақынның 1964 жылы жарыққа шыққан тұңғыш жыр жинағы (ильич)
- 7) Алғаш өлеңдері қай газетте басылып шығарылды? (Советтік шекара)
- 8) Мұқағали жеңгесіндей қабылдаған анасын кім деп атаған? (Нақа)
- 9) Ақынға қай кітабы үшін Ө.Тәжібаев үй сыйлайды? (Өмір дастан)
- 10) 1948-49 жылдары Мұқағали білім алған оқу орны (ҚазМу)
- 11) Ө.Тәжібаевтың Мақатаевқа берген «есімі» (Әулие ақын)
- 12) Мұқағалидың өмірінің соңғы уақытында жарыққа шыққан поэмасы («жаназа»)

Спортпен шұғылдану, жаттығу жасау – салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізгі кепілі болып саналатыны сөзсіз.

Спортты серік еткен студенттер

Спортпен шұғылдану арқылы жеңіске ұмтылыс, күш-қайрат, алға қойған мақсатқа жетуге талпыныс сияқты маңызды қасиеттер жетіледі. Спорт дегеніміз – денсаулық, рухтың күштілігі, отансүйгіштік. Бүкіл адамзатқа белгілі қағида бақыт – байлықта, мансапта емес. Бақыттың 90 пайызы денсаулықта жатыр.

Студенттер арасында салауатты өмір салтын дәріптеп, бос уақыттарын тиімді пайдалану бағытында БҚУ спорт залында сенбі-жексенбі күндері спорттық ойындар ұйымдастырылды. «Шынықсаң, шымыр боласың» деген қағиданы берік ұстанған студенттеріміз өз арасында командаларға бөлініп, футбол, волейбол сынды ойындар ойнады. Спорттық шаралардың арқасында сабақтан бас алмайтын студенттеріміздің бойына қан жүгіріп, бір серпіліп қалғандай. Өмірлік тәжірибелерге сүйене

келе, күнделікті спортпен айналысуға кедергі келтіретін алғашқы мәселе – бос уақыттың жетіспеушілігі. Күнделікті қауыр тіршілікпен өз-өзімізге көңіл бөлуге ұмытып кетіп жататынымыз рас. Жоспарсыз келетін шұғыл шаруаларды, мерзімі тақап қалған жұмыстарды орындап жүріп, күніміздің қалай өтіп кеткенін де аңғармай қаламыз. Бірақ, айналамызға көз жүгіртер болсақ, өзіміздей адамдар барлығына үлгеріп жүр. Бәрімізге күніне бірдей уақыт – 24 сағат берілетінін ескере отырып, уақыттың жетіспеушілігі спортпен айналысуға кедергі болмайтынын ұғынуымыз қажет. Себебі сіз өз уақытыңыздың қожайынысыз!

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
КУЛЬБЕКОВА Зульфияра

Мұзбалақ ақын - Мұқағали!



Тәңіртаудың мұзбалағы атанған Мұқағалидың мерейтойына орай Өркеннің оқырмандары үшін арнайы ақынның сан соқпалы ғұмырынан ойжұмбақ құрастырған болатынбыз. Өмірін өнермен өрген М.Мақатаев туралы қаншалықты

бірі («Қырман басында»)
2) Аударма бағытында бақ сынап, ең жарық шыққан туындысы (Тамұқ)
3) 1954 жылы қай жерде ұстаздық қызметпен айналысады? (Қарасаз)
4) Ақынның шығармашылық жолын жиі

Ерекше күнде ерекше кеш!

Тұла бойы өнерге толы Мәдениет және өнер факультетінің студенттері тағы бір мәрте өздерінің ерекше қырларын жалпақ жұртқа паш етті.

Бір ғасырда бір рет қайталанатын әдемі күнде көпшілікке ерекше көңіл-күй сыйлау мақсатында «MuzStand UP» өткізілген болатын. Көңілді кешімізге арнайылап келген қонақтарымыз болды. Сонымен қатар университетіміздің белсенді жастары және факультеттердің студенттік өзін-өзі басқару ұйымының студенттері келді. Стэндап оқыған студенттердің құрамында бұрыннан бой көрсетіп жүрген жайдарман ойыншылары және енді бастап келе жатырған жалынды студенттеріміз сахнадан табылды. Әрқайсысы ешкімге ұқсамайтын креативті тың идеяларымен өзіндік әзілдері мен қызықты әңгімелерін айтып студенттерге керемет кеш сыйлады. Әдемі күнде астарлап әзіл жеткізіп көңіл-күй сыйлай алған стэндаперлерімізге айтар алғысымыз шексіз! Қадамдарыңыз нық болып, сахнада айтар өзекті дүниелеріңіз сарқылмасын. Ізденістеріңіз тоқтамасын!





Баубек Бұлқұмшөв атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынұв

Журналист

(Journalist)



№2 (46), ақпан, 2022 жыл

Біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Қазақстан

(Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен «Qazaqstan» ұлттық арнасының журналисі Жайна Сламбек жүргізген сұхбат барысындағы «Egemen Qazaqstan» газеті, №34, 18 ақпан, 2022 ж.) кейбір өзекті ойлар үзгіі

• Ел ішінде көптеген жалған ақпарат тарап жатты, соларға тоқтау салу керек болды. Өйткені Қазақстандағы ахуал жөнінде шынайы ақпаратты, ең алдымен, әлем жұртшылығына тарату керек еді.

• Қазақ тіліндегі сұхбаттың өз аудиториясы бар. Жалпы, мемлекеттің мәселесін мемлекеттік тілде айтуымыз керек. Ең алдымен, өзіміз ана тілімізге құрмет көрсетуіміз керек.

• Шынын айтсақ, әуелде ешқандай қирату, қылмыстық әрекеттер болған жоқ. Бірақ жағдай кейін мүлдем басқа арнаға бұрылып кетті. Арандатушылар мен қарақшылар пайда болды. Олардың шынайы мақсаты бейбіт митингке қатысу емес, билікке шабуыл жасау болды.

• Соңына қарай алаңға нағыз лаңкестер шықты. Бүлікшілер мыңдаған қару-жарақты ұрлап кетті. Өзірге түгелдей табылған жоқ. Бұзақылар сол қарудан тағы да адам атуы әбден мүмкін. Сонда мұны кім істеді деген сұрақ туады? Кім жасады? Шын мәнінде, бұл – кәсіби қарақшылардың ісі.

• Мұның алдын ала жоспарланған әрекет екені анықталды. Арнайы дайындықтан өткен қылмыстық топтар, лаңкестер оқиғаның бел ортасында жүріп, қарақшыларды, құқық бұзушыларды басқарды. Әрине, бұзақы топтардың арасында бейбіт азаматтар да болды. Енді оларды лаңкестерден, қарақшылардан бөліп алуымыз керек. Бұл – өте күрделі мәселе.

• Алаңға шыққандардың бәрін түгел бейбіт шеруші деп айтуға болмайды. Көзі ашық, ары таза адам мұндай жалған тұжырымға ешқашан сенбейді. Ең алдымен, лаңкестер жағдайды ушықтырды. Олардың мақсаты – елдің тұтастығын бұзу, халықты қорқыту. Ал бейбіт шерушілер солардың қармағына түсті. Қазір сол кінәсіз азаматтардың құқығын қорғауымыз керек.

• Адамдардың құқығын бұзған тұлғалар жазаға тартылады. Еш күмән болмасын!

• Қалай болғанда да біз қаралы, қасіретті күндерді бастан өткердік. Оны мойындауымыз керек. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде көптеген сынаққа тап болдық, оның бәрін ел болып еңсердік. Бірақ дәл осындай қарақшылардың қатығез әрекетін көрген жоқпыз. Еліне, жеріне адал қызмет ететін, нағыз отаншыл азаматтар мұндай опасыздыққа бармайды. Бұл – анық нәрсе.

• Ашығын айту керек, жағдайды өздерінің жеке мүддесіне пайдаланғысы келген адамдар төңкеріс жасауға талпынды. Француз тілінде осындай әрекетті coup d'état деп айтады. Бұл – төңкеріс деген сөз. Елдімізге, мемлекеттік тұтастығымызға, халқымыздың қауіпсіздігіне қарсы жасалған әрекет болды.

• Қарапайым азаматтар өздерінің сүйікті қаласын өз қолымен қиратпайтыны белгілі. Қарақшылар, лаңкестер Алматыға сырттан келді. Мақсат белгілі: кісі өлтіру, қорқыту, дүкендерді тонау, әйелдерді зорлау, ақыр соңында билікті құлату.

• Мәселе мынада: төңкерісшілер елімізде қолға алынған реформаларға кедергі келтіруге тырысты. Өзгерістер олардың мүдделеріне тиімді емес еді. Өйткені реформалардың басты мақсаты – әділетті қоғам орнату, монополияларды жою, саяси трансформация жасау, еліміздің экономикалық дамуын жеделдету. Халық та осыны талап етіп отыр. Сондықтан, бағытымызды өзгертпейміз.

• Қазір өте ауқымды тергеу жұмыстары жүргізілуде. Қандай да бір нәтиже туралы айтуға әлі ерте. Бұл – өте күрделі мәселе. Қазір тергеу құпия түрде жүргізіліп жатыр. Көп ұзамай халқымызды мазалап отырған сұрақтарға міндетті түрде жауап беріледі. Бәрі де айтылады. Бұл біздің халқымыздың қауіпсіздігіне, еліміздің тұтастығына төнген қауіп болды.

• «Шаш ал десе, бас алатын» әрекеттерге жол беруге болмайды. Қоғамдық комиссиялар өз жұмысына кірісіп кетті. Қоғамдық комиссияларға сенімсіздік көрсетуге ешқандай себеп те, хақымыз да жоқ. Билік те, құқық қорғау органдары да жұмыстарына араласпайды. Мен де араласпаймын.

• Қараңызшы, мыңдаған адам қаланы қиратып, нағыз террористік әрекеттерге барды. Бірақ қазір бәрі жай ғана бейбіт азаматтар болып шықты. Бұған кім сенеді? Егер біз ақиқатына көз жеткізбей, олардың айтқанына сенетін болсақ, елімізге тағы бір үлкен қауіп төндіреміз. Бұл – қарақшыларды Қазақстанға шақыру деген сөз.

• Барлығына байыппен қарап, салмақты баға беру қажет. Бізге керегі – асығыс шешім шығарып, істі жауып тастау емес, міндетті түрде ақиқатқа көз жеткізу.

• Қарулы қарақшылар Алматыны қиратып, өзге қалаларға қауіп төндірді. Қарулы контингент болмаса, лаңкестер басқа да қалаларды басып алар еді. Лаңкестер Қазақстанның басты екі қаласын басып алуды жоспарлаған. Бұл – Сириядағы сценарийге ұқсас жоспар. Сол елде лаңкестер Дамаск пен Ракканы басып алуға әрекеттенген еді.

• Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлері біздің елде бір де бір оқ атқан жоқ. Оны ашық айту керек. Олар тек негізгі стратегиялық нысандарды күзетіп тұрды. Осы кезде біздің күштік құрылымдар іске кірісіп, қарулы лаңкестерге тосқауыл қойды. Арамызда тек тығыз байланыс пен үйлесім болды.

• Жалпы, біз ешкімге ештеңе де қарыз емеспіз. Қазақстан – егемен мемлекет. Сондықтан саясатымыз да дербес... Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы – бәрімізге ортақ құрылым. Ресей және Ұйымға мүше мемлекеттер Қазақстанның ғана емес, өздерінің де қауіпсіздігін ойлады.

• Ресей – ғасырлар бойы қатар өмір сүріп келе жатқан құдайы көршіміздің бірі. Қазақтың тағдырына осылай жазылған. Мұны біз өзгерте алмаймыз. Саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды нығайта беруіміз керек. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді. Екі елдің басшылығы арасында жер мәселесіне қатысты ешқашан дау туындаған емес. Шекарамыз толық айқындалған, бекітілген. Бұл ақиқатты бүкіл әлем мойындайды.

• Халықтың көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Бұл – ақиқат. Мемлекеттің тұтас байлығы аз ғана топтың қолында. Наразылықтың түп-тамыры осыдан басталды.

• Мен Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 30 жылдық еңбегін жоққа шығаруға болмайды деп ойлаймын. Тарихқа қиянат жасамау керек. Нұрсұлтан Назарбаев – мемлекетіміздің іргесін қалаған, мемлекеттігімізді нығайтуға зор үлес қосқан тұлға. Оның қызметіне әділ баға беруге міндеттіміз. Тұңғыш Президенттің кемшіліктері болса, одан жас басшылар сабақ алуы қажет. Қаңтар оқиғасы елімізге де, менің өзіме де үлкен сабақ болғаны сөзсіз.

• Лауазым мәңгілік дүние емес. Жұмыстың жаңа талабына икемделе алмаған адамдар қызметтен кетуге мәжбүр болады. Негізгі талап – азаматтардың әл-ауқатын арттыру.

• Көп нәрсе білікті кадрларға байланысты. Менің бастамам бойынша Президенттік жастар кадрлық резерві құрылды. Кадрлық резервке өткен азаматтар біртіндеп жауапты қызметке тағайындалып жатыр. Әрине, мұнымен шектелуге болмайды.

• Мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талап өте жоғары болуға тиіс. Біраз уақыт, мол тәжірибе керек. Ондай лауазымға білімді, білікті, қызметіне адал азаматтарды тағайындаған жөн. Бұрынғы мамандардың бәрін жұмыстан шығару дұрыс болмас еді. Орысша «политическая чистка», яғни, «саяси тазалауға» барудың қажеті жоқ. Бұл – қалыпты үдеріс. Мемлекеттік қызмет – эксперимент алаңы емес!

• Қазір – жаһандану заманы. Адам қай жерде сұранысқа ие болса, сол жерге барып жұмыс істеуге қақы бар. Оған ешкім кедергі жасамайды. Шындығын айтуымыз керек, елімізге білімі жоғары, парасатты адамдар керек. Жалпы, адами капитал жоғары болуы қажет.

• Бәріміз еңбекқорлықтың, біліктіліктің идеологиясын көтеруіміз керек. Масылдықтан, жалқаулықтан алшақ болуымыз қажет.

• Қазақ журналистикасының деңгейі жоғары екені күмәнсіз... Ал баспасөз бостандығына келсек, бізде заң бойынша цензура жоқ. Бірақ еркіндік деген ойыңа не келсе, соны айту емес. Кез келген демократиялық елдерде жалған ақпарат таратқан адам жауапқа тартылады. Мен әрбір журналист, ең алдымен, мемлекетшіл азамат болуы керек деп санаймын. Осы орайда Н.Некрасовтың «Ақын болу шарт емес, азамат болу – міндетің» деген қанатты сөзі бар. Сондықтан әрқайсымыз еліміздің патриоты болуға тиіспіз.

• Кез келген қиындықтың артында үлкен мүмкіндіктер тұр. Қытай тіліндегі «дағдарыс» деген сөздің «жаңа мүмкіндіктер» деген мағынасы бар.

• Олигополия – бұл экономика саласындағы саны шектеулі адамдардың үстемдігі деген сөз. Бізде осындай үрдіс белең алуда. Бұл шынайы бәсекеге, жалпы айтсақ, әділеттілікке кедергі болып отыр. Осы мәселені шешпесек, экономикамыз дамымайды, ішкі

саяси ахуал мүлдем нашарлап кетеді. Сондықтан менің басты мақсатым – экономикада болсын, саясатта болсын, монополияны мейлінше жою. Одан біржола құтылған жөн.

• Қоғамдағы ең маңызды мәселе – заң үстемдігін қамтамасыз ету. Өкінішке қарай, заңды мойындағысы келмейтін азаматтар аз емес. Басқаша айтсақ, құқықтық нигилизм белең алуда. «Тәртіпсіз ел болмайды». Менің ұстанымым: қоғамда заң мен тәртіп болса ғана, ел ішінде үйлесім, бейбіт өмір болады. Заң – кез келген өркениетті қоғамның басты өлшемі. Заң үстемдік құрғанда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Біз міндетті түрде бұған қол жеткізуіміз керек.

• Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғақ кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек.

• Қазақстанның болашағы жарқын. Мен бұған кәміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл – аксиома, ақиқат. Оны көздің қарашығындай сақтау – ортақ парызымыз.

• Егемен ел дегеніміз қандай ел? Бұл – әлемдік үдеріске бейімделген біртұтас халық. Дербестігін жалаң сөзбен немесе ұранмен емес, нақты іспен дәлелдей білген ел. Демек, «Егемендікті сақтап қаламыз ба?» деген күмәнді ой ешкімде болмауы керек. Ол қисынсыз тұжырым, қисынсыз сөз. Керісінше, әрқайсымыз «Тәуелсіздігімізді қалай бекем ұстап қаламыз?» деп ойлануға тиіспіз.

• Тілімізге келсек, оны сақтап қаламыз. Басқаша болмайды, себебі тарихымыздағы ең күрделі кезеңдерде тіліміз көзі ашық ағаларымыздың, қарапайым халқымыздың арқасында аман қалды. Дегенмен тіл реформасын жасауымыз керек. Мәселен латын графикасына жедел түрде көшуде емес. Бұл іске байыппен қараған жөн. Сараптама жасалуға тиіс. Қисынсыз нәрсенің пайдасы жоқ. Өсіресе, тілге келгенде, асығыстық танытуға болмайды. Себебі, бұл – өте нәзік дүние.

• Біз қоғамда еңбекқорлық идеясын орнықтыруымыз керек. Бұл – қазір ең өзекті мәселе. Азаматтарымыз адал еңбекпен табыс табуы ең басты орынға қоюы қажет. Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек. Біздің жастарымыз осыны айқын ұғынса деймін.

• Жақсы мен жаман туралы ұлы Абайдан асырып ешкім айта алмас. Ойшыл ақынның «талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым» деген даналығының да мәні зор. Бұл қағида бізге, өсіресе, осы заманда ауадай қажет.

• Мерзімді баспасөзді үзбей қараймын. Бұл – менің бұрыннан қалыптасқан дағдым. Жалпы, мен көп оқитын адаммын. Жақсы мақала немесе сұхбат көрсем, астын сызып оқуға тырысамын. Өзекті мәселе байқасам, оған қатысты нақты тапсырма беремін.

• Өзім жазған «Әке туралы ой-толғау» кітабынан бас тартпаймын. Мазмұнды туынды. Жастарға да пайдалы дүние. Бұл – менің әке-шеше алдындағы перзенттік борышым.

• Жоспар туралы айтсақ, кейбір ойларымды түртіп қойып, күнделік жазатыным бар. Келешекте қазіргі өміріміз туралы ауқымды кітап жазу ойымда бар.

• Бұрынғы олқылықтар – біздің тарихымыз. Бәріміз тарихтан сабақ алуымыз керек. Біздің мақсатымыз – еліміздің болашағы, өскелең ұрпақтың қамы туралы ойлау.

• Бұл дүниеде қазақтардың тағдырын тек өзіміз ғана шешеміз. Біз үшін жалғыз ғана мемлекет бар, ол – Қазақстан. Бұл – біздің қасиетті Отанымыз. Басқа Отанымыз жоқ. Отанын қорғау, халқының амандығын сақтау – әр азаматтың борышы. Осыны ұмытпауымыз керек. Қазақ елі жасай берсін!

Өзірлеген, Мақсат ҚЫДЫРШАЕВ,
Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің филология
факультетінің III курс студенті («Шетел тілі: екі шетел
тілі» мамандығы, ИЯ-31-топ),
Польша, Ұлы Казимир атындағы университеті,
Бидгощ қаласы

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 1 ақпан күні Мәдениет және өнер факультетінің п.ғ.к., доцент М.М. Нағымованың 60 жылдығына орай І Облыстық ЖОББМ-нің музыка пәні оқытушыларына арналған «Үздік музыка мұғалімі» байқауы өткізілді.



Ұлағатты ұстаздың есімін дәріптеу мақсатында қызмет еткен мәдениет және өнер факультетінен Меңдіғаным Мергенбайқызы атындағы дәрісхана ашылды. Салтанатты лента кию рәсімі

Өнерлі ұрпақтың өнегелі жанашыры



марқұм М.Нағымованың ұстазы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, Ы.Алтынсарин белгісінің «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Мәдениет саласының үздігі, ұстаз Дариға Ғазезқызы Мұштановаға және М.Өтемісов атындағы БҚУ тәрбие ісі және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры, сонымен қатар Меңдіғаным Мергенбайқызының жан құрбысы Түймеш Малбағаровна Даришеваға ұсынылды.

Байқау барысында әр ауданнан қатысқан қатысушылардың презентациялары және жіберілген сабақ барысы (видео ролик) қаралды. Әділ қазы алқаларының шешімімен I, II, III орындармен арнайы статуеткалар және М.М.Нағымова атындағы жеке қордың қолдауымен ақшалай сертификаттар табысталды.

Алғыс хат иеленген және жүлдегер атанған қатысушыларға шығармашылық табыстар тілейміз.

Жасындай жарқ еткен жұлдыз

Жаңа Қазақстан жастарын жаңа бағытта тәрбиелеу, Мейрам Исатайұлының өмірі мен еңбек жолын жастарға үлгі ету, оларды ынталандыру мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттік өзін-өзі басқару ұйымы түлектерінің бастамасымен білім ордамызда бұрын-соңды болмаған шара өткізілді.

«Мейрам Исатайұлы атындағы жастар сыйлығы» жыл сайын оқудағы жоғарғы көрсеткішімен қатар университеттің қоғамдық өміріне белсене қатысқан, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жетістікке жеткен үздік студентке табысталды. Мейрам Исатайұлының туған күні қарсаңында өткізілген еске алу шарасына анасы мен туған туыстары қатысты. Алдыңғы буын ұстаздары бір сәт көздеріне жас алып естеліктерімен бөліссе, әріптес, дос-жарандары мен шәкірттері тұлғалық болмысы туралы сағына сыр шертті. Биылғы жылғы «Жастар» сыйлығын облыс жұртшылығына танымал жүргізуші Қобыланды Мирас иеленді.

Сонымен қатар, Мейрам Исатайұлын еске алуға арналған шағын футболдан



облыстық турнир өтті. Турнирдің ашылу рәсіміне Мейрам Исатайұлының ағасы Ақылбек Исатайұлы, жолдасы Бұлбұл Сапарғалиева қатысып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Турнирге Мейрамның әріптестері, үзеңгілес достары, өнер жолындағы ағалары мен шәкірттері, студенттік өзін-өзі басқару бөлімінің белсенділері, облысымыздың жалынды жастары қатысты.

Турнирге қатысушы спортшылар бұл

шараны жыл сайын өткізуді дәстүрге айналдыру жөнінде ұсыныс тастады.

Жәнібек ауданы, Ұзынкөз ауылының 1984 жылы туылған Мейрам Исатайұлының Мейіржан, Ғалым, Дәрен бастаған сыныптас достары турнир қатысушыларына сыйлық ретінде 100 000 теңге тағайындады. Жеңімпаз бен жүлдегерлер, үздік ойыншылар дипломдармен бағалы сыйлықтармен марапатталып оларға қаржылай сыйақы табыстарды. Турнир нәтижесі бойынша 1-орынды «Jas Otan», 2-орынды «Ғ. Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясы», 3-орынды «Студенттік өзін-өзі басқару 2005 жыл» командасы иеленді.

Номинациялар бойынша «Үздік ойыншы» - Есентеміров Дастан «Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармониясы» командасы, «Үздік ойыншы» – Жігер Сәбитұлы «Jas Otan» командасы, «Үздік сұрмерген» – Дүйсенбаев Төрехан «Студенттік өзін-өзі басқару 2005 жыл командасы», «Үздік қорғаушы» – Жанахметов Алтынбек «Назарбаев зияткерлік мектебі» командасы, «Үздік қақпақшы» - Джумағалиев Асхат «БҚУ оқытушылары» командасы, «Үздік команда» - «ҰЗЫНҚӨЛ» командасы марапатталды.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨҢДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № KZ27VPY00033105 куәлігі берілген.
Таралымы 800. Тапсырыс № 201

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Дария ДЖУМАҒАЛИЕВА,
Шұғыла ЕҢСЕП, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЛЕЛОВ, Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Мекен жайы: Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/3.
Тел.: 50-51-46, 51-41-99